



# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

Ғ.М.МҰТАНОВ,  
ҚазҰУ ректоры, академик

## Тәуелсіздік баянды болсын!

Құрметті ҚазҰУ оқытушылары және студенттер!

Айтулы мерекелердің арасында рухы биік, көсегесі кең, беделі асқақ мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні. Бұл күн азаттықтың көк туы желбіреп, алаш жұртының егемендікке қол жеткізген қасиетті мейрамы. Қалың елім қазағым қашанда даналықпен, еркіндікпен, ұлылықпен дараланатын халық. Бұл мерекеге ЕҚЫҰ саммитінің тұспа тұс келуі де қазақ елінің тәуелсіздігінің баянды бейнесінен көрініс береді.

Құрметті әріптестер! Сіздерді, еліміздің Тәуелсіздігі күнімен құттықтаймын. Тәуелсіздік күні жақындаған сайын қазақ елінің рухы биіктеп, бірлігі жараса түседі. Бұл күн, ынтымақ пен татулықтың, ырыс пен берекенің атрибуты. Отанымыздың әлем алдында беделінің асқақтауы киелі тәуелсіздік ұғымымен өлшенетіндігін ұмытпауымыз керек. Тәуелсіздігіміздің баянды болуында баршамыз біріге тас түйін болып болашақ үшін еңбек етейік. Тәрбие, ғылым, білім ұғымдары бәсекеге қабілетті болған жағдайда тәуелсіздігіміздің де ертегі жарқын, болашағы кемел болмақ. Ал бұл киелі ұғымдардың дәнекері ол ұстаз, ғалым екені белгілі. Ендеше жастарымызды тұлға етіп қалыптастырып, тәуелсіз елдің элитасы етіп қанаттандыру жолындағы еңбектеріңізге табыс, шығармашылық өрлеу тілеймін.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті зиялы қауым табанының ізі қалған, ұлттық рух пен қазақи болмыстың киелі ордасы. Бұл әрине тәуелсіздігіміз үшін үлкен қажеттілік. Әлем алдындағы абыройымыз бен ынтымағымыз жарасқан бірлігіміз дами берсін.

Құрметті студенттер! Сіздер, болашақтың ертегі, Тәуелсіздіктің тұтқасын нық бекітер тұлға екендіктеріңізді мәңгі жадыларыңызда ұстап, бәсекеге қабілеттілік жолында талмай оқып, ізденіп, даралана беріңіздер дегім келеді.

Құрметті ұстаздар және ҚазҰУ студенттері! Біздің алдымыздағы үлкен міндет – білім ордасын ғылыми зерттеу университетіне айналдыру. Осы бағытта бірігіп жұмыс істеп, баянды тәуелсіздіктің көк туының астында ұйымы жарасқан ұжым болып, биік белестерді бағындыра берейік. Тәуелсіздік күні мерекесі құтты болсын!

# ТӘУЕЛСІЗДІК КӨК ТУЫ МӘҢГІ ЖАЙНА!!!

*Тәуелсіздік мерекесі барша алаш жұртының ұлық мерекесі. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, “Мен, Қазақпын!” деп барша әлемге мақтанышпен жар салар күн. Жыраулары жырлап өткен, батырлары қорғап өткен жерұйық мекен – қазақ елінің абыройы тағы бір асқақтайтын азаттық күні.*



**16** желтоқсан қазақтың талай армандары мен ұшы-қиыры жоқ ерлігінің, көзсіз батырлығының, тарихының, мәдениетінің, салт-дәстүрінің, даналығының, кемеңгерлігінің, зияткерлігінің, тізбектеліп кете берер киелі ұғымдарының символы. Керей мен Жәнібек хан құрған мемлекеттен, тіпті одан әргісін бастау алатын алаш қанында тасып тұрған ұлтқа деген сүйіспеншіліктің, тілге деген құрметтің сонау билерден, шешендерден, көсемдерден жалғасқан ізгілігінің ХХ ғасыр соңында тағы бір шарықтау шыңына жеткен ерлігінің жемісі.

Қарға тамырлы қазақтың ұлтқа

деген шын сүйіспеншілігін, ана тілге деген үлкен ізетінің қандай болмақ керегін тағы бір ұғындырған қазақ патриоттығының жемісі. Тәуелсіздік мерекесі, сондай-ақ патриотизм ұғымының тек жалған кеуде соғумен шектелмейтіндігін, өз ұлтыңды сую дегеніміз – сол ұлттың тілінде сөйлеу, сол ұлттың ойымен ойлау, сол ұлттың ыстығына күйіп, суығына тоңу екендігін айғақтап берді. Алаш арыстарының, ұлткөсемдерінің ұлты үшін құрбан болған кешегі ерлігін бүгінгі заманға жеткізген денекер мереке де осы – Тәуелсіздік күні. Бұл күнді бүгінде баянды етіп ұстап тұрған қасиет те сол – қазақ еліндегі алаш жұртының сүйіспеншілігі мен биік рухы болса керек. Биік рухтың

бір бейнесі бұл мерекені ұлықтап, көкке көтерумен ұштасып жатқанын көзі қарақты, көкірегі ояу, жүрегінің түгі бар, ел азаматтары өзіне парыз, үлкен борыш санауы да осыдан болса керек. Патриоттық символы бірге емес, бірнешеге үлгі болатын ел ағаларының тәуелсіздік жолындағы бабалар асыл мұрасын кірлетпей, аманатқа қиянат келтірмей жүрген ісіне қарап “Бәрекелді, қазақтың нар қасқа тұлғалары” деп жұрт еріксіз бір сүйсініп қалатыны жасырын емес. Әрине, ұлтты сую “мен айттым, сен айттым” деп жүзеге асатын шаруа емес. Ол туа бітетін даналық, көрегендік, интеллект.

(Жалғасы 3-бетте)

### БҮГІНГІ санда:

**Ғылым мен білімді тәрбие жалғап тұруы керек**

5-бет



**«Тәуелсіздік таңы» жалпы университеттік жыр мүшайрасы өткізілді**


6-7-бет



**Баспасөзіміздің тұңғыш танымгері**

(Хайыржан Бекхожин – 100)

11-бет





# Қазақстан-үнді орталығының жұмысы жанданатын болды

Қазақстан-үнді ақпараттық технологиялар орталығының жұмысын жандандырды ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» жұмыла көтеру керек. Мұндай тұжырым 6 желтоқсан күні университетте өткен Ректорат мәжілісінде айтылды.

Мәжілісте ҚҰАТ орталығының директоры Ерлан Мақашев ағалымен таныстырып өтті. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан 2004 жылы ашылған Қазақ-үнді ақпараттық технологиялар орталығы – ТМД білім беру кеңістігінде НИИТ (National Institute of Information Technologies) компаниясымен бірлесіп жасалған жоба негізінде

ашылған бірінші оқу орталығы. НИИТ – Үндістанда ғана емес, сондай-ақ бүкіл Азиядағы IT білім беру нарығына қатысушылар арасында көшбасшы болып табылады. НИИТ әлемдегі IDC халықаралық консалтингті компаниялар рейтингі бойынша алдыңғы қатарлы 15 компания тізіміне енген. Соңғы жылдары НИИТ осы рейтингте көшбасшылық орынға ие. Орталықта білім алғандарға оқу аяқталғаннан кейін НИИТ-

тің халықаралық үлгідегі дипломы мен сертификаты беріледі. Қазақ-үнді ақпараттық технологиялар орталығының білім беру бағдарламасы ISO 9001 халықаралық стандартына сәйкес келеді.

Директордың баяндауынша, құрылғалы бері 140-тан аса тыңдаушыны, IT компаниялардың, банктердің, жоғары оқу орындарының өкілдерін оқытқан бұл мекеменің бүгінгі хал-ахуалы мез емес. Технологиялық жабдықтар ескірген, тыңдаушылар саны күннен-күнге азайып келеді. Ал мұндай мәселелердің алдын алу үшін ҚҰАТ орталығының бас-

шысы басқа да үнді ақпараттық орталықтарымен әріптестікті нығайтып, НИИТ-пен байланысты күшейту керектігін алға қойды. Орталықтың тыныс-тіршілігімен танысып, шешуді қажет ететін мәселелерге назар аударған ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов: «Қазақстан-үнді ақпараттық технологиялар орталығында мұндай түйткілдердің кездесуі бұл мекемедегі менеджмент саясаттың дұрыс жетілмегендігінен хабар береді. Алдымен, менеджменттік қызметті жақсартып, бұл орталықты қайта қалыптастыру керек», - деп орталықтың жұмысын жолға қойып, жандандыру

керектігін қадап айтты. ҚазҰУ-дың Оқу жұмысы жөніндегі проректоры Мұрат Кәдесұлы, Жану проблемалары институтының директоры Зұлқайыр Мансұров бастаған университеттің бірнеше ғалымдары да бұл ақпараттық орталық жұмысын тоқтатпау керектігін айтып, бойына қан жүгіртуде ұжым болып ат салысуды ұсынды.

Ректорат мәжілісі ҚҰАТ орталығының жұмысы қайта жанданып, оның білім және ғылым кеңістігінде игілікті істерге мұрындық болуға деген үмітін қайта оятты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ Встреча



6 декабря в Казахском национальном университете имени аль-Фараби состоялась встреча с заместителем Руководителя Администрации Президента Республики Казахстан, председателем ассоциации стипендиатов международной стипендии "Болашак" Бауыржаном Кыдыргалиевичем Байбек. С участниками встречи Бауыржан Байбек провел актовый семинар на тему "Государственный протокол Республики Казахстан".

## Бауыржан Байбек встретился с коллективом КазНУ

Открывая встречу, ректор университета Галимқайыр Мутанов подчеркнул важность для молодежи таких семинаров, проводимых успешными выпускниками, стипендиатами «Болашака». Бауыржан Байбек в ходе встречи рассказал студентам факультета международных отношений о значении протокола во внешнеполитической деятельности государства, сформулировал особенности дипломатического протокола и этикета в зарубежных государствах, протокольного реагирования на те или иные события, рассказал о государственно-протокольных процессах как в историческом аспекте, так и в современных условиях дипломатических отношений Республики Казахстан с другими странами.

В ходе семинара была также презентована книга авторского коллектива, в числе которого и Бауыржан Байбек, – «Государственный протокол Республики Казахстан». В ней анализируются истоки тех или иных норм протокола, воспроизводится история становления современного церемониала,

его значение для международных отношений и имиджа нашего государства. Многие традиции кочевой культуры тюркского каганата Золотой орды впадают красочным узором в современный казахстанский церемониал. Об этом рассказывает представленная на встрече книга авторского коллектива. Достоинство книги «Государственный Протокол РК» также в том, что ее автор не только текстуально разложил на составляющие дипломатический церемониал, но и представил наглядные схемы многих официальных протокольных мероприятий. В книге раскрывается правильное составление программы государственного визита высших руководящих лиц в то или иное зарубежное государство. Несколько книг почетный гость подарил отличникам университета, а также передал в пользование библиотеке университета. В заключение семинара Бауыржан Кыдыргалиевич ответил на вопросы, которые были заданы участниками семинара.

Соб. корр.

■ Мәртебе

# Әлем таныған әл-Фараби

Әбу Насыр әл-Фараби бабамызға арналып 18 қарашада Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде «Әл-Фараби және еуропалық өркендеу дәуірі» атты халықаралық деңгейде дөңгелек үстел өтті. Бұл жиынға Франция, Сирия, Испания, Әзірбайжан, Швейцария, Сауд Арабиясы, Иран, Италия және Қазақстаннан танымал фарабитанушы ғалымдар қатысты.

Жиын Әлемдік философия күні аясында ЮНЕСКО жанындағы Қазақстан Тұрақты өкілдігі бастамасының негізінде өтті. Алқалы жиынды ЮНЕСКО Бас хатшысының мәдениет жөніндегі орынбасары Франческо Бандарен ашты.

Дөңгелек үстелге ЮНЕСКО жанындағы Қазақстанның тұрақты өкілі Олжас Сүлейменовтың арнайы шақыруымен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтік философия кафедрасының меңгерушісі, әл-Фараби мұраларын зерттеу орталығының директоры, ф.ғ.д., профессор Жақыпбек Алтаев қатысып, «әл-Фараби: тарих және қазіргі заман» атты тақырыпта баяндама жасады. Ол өз баяндамасында Орталық Азиядан шыққан философ ретінде аты әлемге әйгілі Әбу Насыр әл-Фарабидің өз жерлесіміз екенін мақтан тұта отырып, Батыс пен Шығыс философиясының бірігуіндегі әл-Фарабидің орны ерекше екендігіне, Фараби еңбектерінің Еуропаның қайта өрлеу дәуірінде үлкен рөл атқарғандығын кеңінен атап өтті.

Сондай-ақ қазақстандық делегация құрамындағы А.Машани атындағы орталықтың директоры, профессор Ш. Әбдіраман, Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың Қашықтықтан оқыту институтының директоры, профессор Ж. Отарбаев қатысты.

Алқалы жиында әлемдік фарабитанушы ғалымдар Шығыс пен бүкіл әлем философиясы тарихында әл-Фарабидің алар орнына жоғары баға беріп, бабамыздың есімін ұлықтады. Дөңгелек үстелді ЮНЕСКО-дағы Сенегал өкілі – Бас хатшының ғылым жөніндегі орынбасары Абу Момар қорытындылады.

Шаттық ӘЛИЕВ,  
әл-Фараби орталығының  
қызметкері

■ Аккредитация

## К НОВОЙ АРХИТЕКТУРЕ БЕЗОПАСНОСТИ НА ЕВРАЗИЙСКОМ КОНТИНЕНТЕ

Кафедра политологии ФФИП организовала «Круглый стол» на тему «Внешняя политика РК в контексте Председательства Казахстана в ОБСЕ», почетными гостями которого были депутат Мажилиса Парламента РК доктор политических наук, профессор К.Н. Бурханов, Государственный инспектор Администрации Президента РК, доктор политических наук, профессор А.А. Нурмагамбетов, доктор политических наук, директор Центра гуманитарно-политической конъюнктуры Е.К. Алиаров, доктор социологических наук, профессор К.У. Биекенов, доктор политических наук, профессор КазНПУ им. Абая Н.В. Романова. В работе круглого стола активное участие приняли профессорско-преподавательский состав факультета философии и политологии, докторанты PhD, магистранты и студенты бакалавриата.

Заведующая кафедрой политологии профессор Л.М. Иватова во вступительном слове отметила, что мы собрались сегодня, 2 декабря 2010 г., в день завершения работы Саммита ОБСЕ. Саммит ОБСЕ в Астане явился логическим завер-

шением председательства Казахстана в данной организации.

Председательство Казахстана в ОБСЕ придало аморфной и инертной в последние годы организации значительный импульс, активизацию деятельности Организации, которую ждало все мировое сообщество, обозначив свои стратегические приоритеты, цели и задачи во время председательства, главным из которых стало нацеленность на трансатлантическую и в целом евразийскую безопасность. В этой связи Нурсултан Абишевич считает необходимым разработать совместный документ «К толерантности в новом десятилетии». В-четвертых, в качестве отдельного измерения ОБСЕ Президентом Казахстана предложено наладить работу по прогнозированию различных проблем безопасности. В-пятых, важно способствовать равномерному базированию структур ОБСЕ по всей зоне ответственности, включив и азиатское направление. Все эти направления фундаментальных изменений для дальнейшего развития ОБСЕ планируются отразить в Астанинской

декларации ОБСЕ. Таким образом, астанинский Саммит ОБСЕ является главным историческим событием на сегодняшний день, реальным вкладом Казахстана в реализацию приоритетов ОБСЕ, укрепление и стабилизацию современной системы международной безопасности.

Депутат Мажилиса К.Н. Бурханов подробно рассказал участникам заседания о сложной подготовительной работе, проведенной сотрудниками Министерства иностранных дел РК, о важных мероприятиях в рамках Председательства Казахстана в ОБСЕ: Конференция в Санкт-Петербурге, Венская встреча и другие. Председатель ОБСЕ государственный секретарь - министр иностранных дел РК посетил многие зоны замороженных конфликтов. Участниками Саммита был поднят вопрос о противодействии международному терроризму, вопросы безопасности и военно-политического партнерства, предотвращения конфликтов.

Соб. корр.



(Басы 1-бетте)

Адамдық болмысың алдындағы намысың мен ар-ұятың абыройлы, жүзің жарқын болуы да осы киелі ұғымдардың қанында қайнап тұруынан шығар. Себебі, бұл қасиетті меңгерген әр азамат қашанда ел алғысына, ата батасына бөленіп, көсегесі көгеріп жүреді емес пе?!

Қазірде ұлық мерекені ұлықтау шаралары республикамыздың әр жерінде аталып өтуде. Сондай шаралардың бірі ұлық мереке қарсаңында ел мерейін асырған бірден бір игі шара 13 желтоқсанда Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ұйымдастырылды. Бұл шара әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қолдауымен жүзеге асты. Патриоттық әндерден құралған мерекелік кеш қазақ эстрадасының жұлдызы, Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаеваның қатысуымен Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған салтанатты шараға ұласты. Барша жұртты мерекемен құттықтаған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов: "Мың өліп, мың тірілген қазақ ұлты осыдан 19 жыл бұрын Тәуелсіздігін алды. Бұл ата-бабаларымыздың талай ғасырдан бері армандаған мақсаты еді. Осы өткен жиырма жылға тарта уақытта Қазақстан егемен ел ретінде бүкіл әлемге танылды. Осындай нәтиже бүкіл қазақстандықтардың, әсіресе аға буын өкілдері бірлігінің, еңбегінің, Елбасының сындарлы да салиқалы саясатының жемісі деп бағалауымыз керек", — деп атап өтті. Сонымен бірге тәуелсіздік күніне құттықтау лебізін білдірген университет басшысы университеттің қызметкерлерін Ректордың "Құрмет грамотасымен" марапаттады. Олардың қатарында биология факультеті экология және ботаника кафедрасының профессоры Светлана Нестерова, шығыстану факультеті жапонтану кафедрасының аға оқытушысы Жанар Ашинова, экономика және бизнес жоғары мектебі экономикалық теория кафедрасының доценті Хайыржан Сапарғалиев, география факультеті экономикалық, әлеуметтік және саяси география кафедрасының меңгерушісі Гүлнар Нүсіпова, тарих



факультеті деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Арман Жұмаділ, журналистика факультеті халықаралық журналистика кафедрасының аға оқытушысы Мұрат Шаймаран, халықаралық қатынастар факультеті халықаралық құқық кафедрасының доценті Жұлдыз Сайрамбаева, физика факультеті оптика және плазма физикасы кафедрасының профессоры Кеңес Жұманов, механика және математика факультеті ақпараттық жүйелер кафедрасының профессоры Зинелхриет Мырзабеков, филология факультеті қазақ әдебиеті кафедрасының доценті Самалбай Дәрібаев, химия факультеті коллойдтық химия және жоғары молекулалық қосылыстар химиясы кафедрасының профессоры Сағдат Тәжібаева, шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының доценті Ири-

гия кафедрасының доценті Алла Ким, заң факультеті, сот билігі және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының меңгерушісі Есберген Алауханов, шет тілдері кафедрасының меңгерушісі Гүлнар Оқышева, спорт және денешынықтыру кафедрасының аға оқытушысы Любовь Коваленко, колледж оқытушысы Мадина Шайхынова, тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту жөніндегі департамент директоры Гүлнар Сәрсенбекова, Сапа менеджменті және ақпараттық-сараптама бөлімінің бастығы Гүлшарат Минажева, ректор көмекшісі Мұхтар Төлеген, тіркеуші кеңсесінің жетекшісі Айгүл Ақтымбаева, хаттамалық-визалық бөлім бастығы Еркін Ноғайбаев, ғылыми-зерттеу жұмыстары бөлімінің жетекші маманы Кириухина Валентина, электро-техникалық бөлімнің қызметкері Көсен Шишов, ақпараттық қауіпсіздік

меткері Төлес Дәулетжан, құрылыс қызметінің қызметкері Срайыл Әбубәкір, сантехникалық бөлімнің қызметкері Азамат Батырбеков, күрделі жұмыс бөлімінің қызметкері Берік Қасымов сияқты қызметкерлер бар. Сонымен бірге жақында Қытай елінде өткен жазғы Азияда ойындарының жеңімпаздары да "Құрмет грамотасымен" марапатталды. Университетіміздің қоғамдық жұмыстарына атсалысып жүрген, белсенді студенттер қатары да осы кеш барысында ҚазҰУ ректорының «Құрмет грамотасынан» құр қалмады. Сондай-ақ, университеттің оқытушы-ғалымдарына ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына арналған медаль табыс етілді.

Тағы бір айта кетерлігі, Қазақстанның білім және ғылым кеңістігінде сүбелі еңбек етіп жүрген біраз оқытушы-профессорлар ҚР Президентінің жарлығымен "ҚР

# ТӘУЕЛСІЗДІК КӨК ТУЫ МӘНГІ ЖАЙНА!!

на Мацко, философия және саясаттану факультеті жалпы және этникалық психоло-



секторының жетекші инженер-программисті Тұрсынбек Бақытжан, сояларлы цех қыз-

Еңбек сіңірген қайраткері" атағымен марапатталды. Бұл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымының ел тәуелсіздігінің нықтап орнығуына қосып жатқан үлесі деуге болады.

Мерекелік кешке университет проректорлары, департамент директорлары, факультет декандары, колледж директоры, декандардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, оқытушы-профессорлар құрамымен студенттер қатысты. Кеш соңында Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаеваға башылық тарапынан алғыс айтылып, "ҚазҰУ-дың 75 жылдық" мерейтойына арналған медаль табыс етілді. Өз кезегінде халық әртісі ҚазҰУ қазақстандық жоғары оқу орындарының белді де, беделді ірі қарашаңырағы екендігін атап өтті.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА





■ Саммит

# Қазақ төріндегі тарихи басқосу

Өткен аптада Астанада ұйымдастырылған ЕҚЫҰ-ның саммитіне осылайша баға берілді. Еліміздің Президенті Н. Назарбаев айтқандай: «Хельсинкиден басталып Астанаға жеткен ізгілік нұры» бір шаңырақтың астына жиналған, әлемнің мүйіздері қарағайдай елу алты елінің де өн бойын шарпып өтіп, Елордамызда бірауыздан бекітілген тарихи құжаттың өмірге келуіне ықпал етті.

Қазақ елі астанасының төрінде Елбасымыздың саммиттің алғашқы күнінде әлем жұртшылығы мойындап отырған елдер басшыларын қарсы алу рәсімін көріп отырып, өз елінің асқарлы абыройына сүйсініп, кеуденді мақтаныш сезімі билейді.

ЕҚЫҰ ұйымына мүше мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың өкілдеріне алғашқы күні қазақтың ұлттық ән-күйінен және классикалық ән туындыларынан шашу шашылуы да атап өтерлік және ең бастысы, салтанатты кеш соңында «Атамекен» әні орындалғанда Президентіміз Н. Әбішұлы бастап, БҰҰ-ның бас хатшысы Пан Ге Мун, АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон және тағы да басқа елдердің басшыларының орындарынан тік тұрып және Елбасымыздың әнді әншілермен бірлесе шырап, қазақ өнеріне тағзым көрсеткендері болды. Осылайша, салтанатты ән кеші қазақтың мәртебесін асқартатып тастады.

«Сырт көз сыншы» дегендей Ресейдің «НТВ» телеарнасының 1 желтоқсан күнгі кешкі жаңалықтарында Астанада өтіп жатқан саммиттің Ресей үшін маңыздылығы туралы кеңінен айтылды, тілшілер шараның ұйымдастырылу деңгейіне бас шайқап, аса мәртебелі меймандарды әуежайдан бастап қарсы алу, оларды арнайы қонақ үйлерге орналастыру ісіне «сағат механизмдей жұмыс істеп тұр» деп баға берді. Яғни олар бұл шараның әрбір бөлшегінің бүгешігесіне дейін мұқият ойластырылып, әрі қатаң тәртіппен дәлме-дәл орындалып жатқанына куә болғандарын айтты.

Италияның премьер-министрі Сильвио Берлускони өз сөзінде өзінің бұл тарихи басқосуға келмей тұрып, Қазақстан туралы көптеген еңбектермен танысканын айтты. Оның ішінде екі мәліметті айрықша атап өтті, яғни ол «Астана» сөзінің қазақ тіліндегі аудармасының астана екенін білдім деді және Н. Назарбаевтың Қазақстан халқының 90 пайызының қолдауына ие болып отырғандығы бұлтартпас дерек деп ой түйді. Сонымен қатар Италия басшысы Астана қаласын он жыл ішінде бүгінгідей сәулетті шаһарға айналдыру ісінің де оңай соқпағанын, яғни ол өзінің «жоқтан бар жасаудың не екенін» шынымен түсінетіндігін тілге тиек етті.

Көңілге ең басты демеу болатыны - Елордамыздың әлем елдерінің басшыларын бір үстел басына жинап, олардың жаһандағы бейбітшілік пен ынтымақты сақтаудың негізгі кілтті - өзара түсіністік пен бейбіт келіссөздерде екендігін бір сәтте

естен шығармау керектігін өзекті мәселе етіп батыл көтере білуінде болды.

Бұл жаһандық басқосуға әлем елдерінен 1500-ден астам журналист келді. Бұл дегеніміз - екі күннің ішінде әлемнің түкпір-түкпіріне еліміз туралы ең аз дегенде 3000-нан астам ақпарат берілді деген сөз. Сарыарканың сарышұнақ аязына бет қарытқан Еуропа елінен келген тілші «Мен қазақтардың неге көп ет жейтінін енді түсіндім, егер ет сияқты нәрлі тамақ жемесеңіз бұл жерде өмір сүре алмайсыз» деп ағынан жарылып, ал Әзірбайжаннан келген журналист «Астана көшелерінде біздің Бакудегідей ығы-жығы көлік кептелістерінің болмайтындығы мені таң қалдырды» деп жариялады.

Сыйлы да мәртебелі қонақтарды қарсы алу рәсімінде қазақтың қыран бүркітінің бой көрсетуі және дастархан мәзірінен ұлттық асымыз қазы мен қартанын ойып тұрып орын алуы да көңілімізді марқайтып тастады. Ұлттық әшекей бұйымдарымыздың да шетелдік меймандардың тарапынан кең қызығушылық тудырғанына да көз жеткіздік.

Саммитке келген меймандар Астанамыздың сәулетіне таңырқап және қазақ халқының қонақжайлылығына бас шайқасып кетті.

Елордадағы жаһандық басқосудан біздің көңілге түйгеніміз - ұлттық құндылықтарымызды өзіміздің ұлықтау керектігіміз, «жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатындығы» және «Төртеутүгел болса төбедегінін келетіндігі».

Ел мәртебесі әрқашан биік болғай!

**Орынтай ОШАНОВА,**  
ф.ғ.к., журналистика  
факультеті  
телерадиожурналистика  
кафедрасының доценті



## Қазақстан и мировой исторический процесс

**10 декабря 2010 года на историческом факультете КазНУ им. аль-Фараби прошла Международная научно-практическая конференция «Республика Казахстан и мировой исторический процесс», посвященная председательству Республики Казахстан в ОБСЕ.**

В работе конференции принимали участие ученые ведущих вузов Казахстана, России, Башкортостана, Татарстана, представители дипломатических консульств в Казахстане.

Конференция работала по следующим секциям:

1. Всемирно-исторический процесс и Казахстан.
2. Взаимодействие культур народов Казахстана: история и современность.
3. Трансформация социально-экономического и политического правового Казахстана на современном этапе.

Цель научного форума - раскрыть в широком историческом аспекте место Казахстана в современной цивилизации, особенно в год председательствования в ОБСЕ. В связи с этим важен экскурс в прошлое, осмысление современных событий и разработка рекомендаций методологического и практического характера. В мировой

истории Казахстан занимал и занимает особое место, что обусловлено геополитическим положением, поликонфессиональным и многонациональным составом населения, чему посвящены многие доклады проводимой конференции в КазНУ им. аль-Фараби. Но все-таки центральное место в конференции занимает Саммит ОБСЕ в Казахстане.

Прошедший Саммит 1-2 декабря 2010 года в Астане - это знаковое событие в истории Организации безопасности и сотрудничества в Европе. Сам по себе Саммит является крупнейшим подытоживающим мероприятием в рамках председательства Казахстана в ОБСЕ. Саммит в Астане является поистине уникальным явлением в истории человечества, состоявшимся впервые в самом сердце Евразии. Это историческое событие привлекло внимание международной общественности, в нем принимали активное участие руководители государств и правительств более 56-ти стран мира.

ОБСЕ после Саммита в Стамбуле в 1999 году переживал определенный кризис. Поэтому проведение Саммита в Астане и восстановление встреч на высшем уровне в рамках ОБСЕ явилось свидетельством того, что Казахстану удалось вывести эту организацию из кризиса и придать динамизм и веру в эффективность ее деятельности.

На Саммите происходило совместное осмысление новых геополитических реалий XXI века и его проблем. Импульс к постановке проблем современности придало выступление на Саммите Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. Его выступление носило программный характер. Он аргументировал необходимость «содержательных и структурных изменений в процессе развития ОБСЕ», а также идею, что организация переходит к новому уровню построения системы всеобъемлющей безопасности «От океана до океана».

Президент обозначил:

- экономический прагматизм как краеугольный камень системы безопасности XXI века. Он предложил дополнить Маастрихтскую стратегию ОБСЕ документом «Маастрихт-плюс»;
- создать специальный форум ОБСЕ по выработке новых договорных норм в сфере разоружения и не-

распространения ядерного оружия;

- выделить межконфессиональную толерантность как фактора, способного воздействовать на религиозную и глобальную ситуацию. Предлагается выработка документа «К толерантности в новом десятилетии»;

- наладить прогнозирование различных проблем безопасности в ранге отдельного измерения, для этого учредить Институт безопасности ОБСЕ;

- равномерное базирование структур ОБСЕ по всей зоне её ответственности, для этого начать с учреждения новых институтов по валютно-финансовому, межрелигиозному и прогнозно-аналитическому измерениям в различных странах, в том числе азиатской части ОБСЕ.

Выступление Президента вызвало огромный интерес со стороны участников Саммита и придало его работе целенаправленный, творческий и деловой характер.

В выступлениях участников Саммита содержалось много плодотворных и интересных идей по актуальным проблемам.

Многообразная деятельность Казахстанского Председательства в ОБСЕ и его ключевой элемент - Саммит в Астане являются событиями мирового значения. Они вносят большой вклад в деятельность ОБСЕ, качественно усиливая её значимость как ключевой диалоговой площадки по вопросам безопасности и сотрудничества. А это обозначило бы реальные шаги по реализации инициативы Казахстана в формировании евроатлантического и евразийского сообществ единой и неделимой безопасности. Обобщая многие доклады, можно сказать, что Саммит ОБСЕ в Астане вошел в историю мировой дипломатии как форум, давший мощный импульс укреплению безопасности в мировом сообществе.

В рамках конференции в КазНУ им. аль-Фараби был проведен круглый стол «Принципы толерантного воспитания: пути формирования и проблемы развития» с приглашением представителей различных конфессий, магистрантов и докторантов.

**Ж.К. ТАЙМАГАМБЕТОВ,**  
декан исторического  
факультета  
доктор исторических наук,  
профессор







# ӨРКЕН

Газет ішіндегі

студенттер газеті

## ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ТӘРБИЕ ЖАЛҒАП ТҰРУЫ КЕРЕК

**Ұстаз болу үлкен жауапкершілік әрі үлкен міндет. Жастарды білім мен ғылымға бағыттай отырып тәрбие жұмыстарын да назардан тыс қалдырмауымыз керек. Тәрбиесіз берілген білімнің тиімділігі де шамалы. Осы тұжырымды арқау еткен ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов 7 желтоқсан күні университеттің куратор-эдвайзерлерімен арнайы кездесу өткізді.**

Сондай-ақ бұл жиында Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева "Куратор-эдвайзерлердің қызметтік міндеттері" тақырыбында баяндама оқыды. Онда студенттік топ 30 адамнан кем болмау керектігі, әрбір студенттік топқа куратор-эдвайзер тағайындап, студенттерге деген тәрбие жұмыстарын күшейту керектігі айтылды. Проректор: "Студентпен жеке жұмыс, куратор сағаты, ата-анамен тығыз байланыс, топ арасында шаралар ұйымдастыру және кафедрада, факультетте, университет көлемінде жүзеге асатын шараларға белсенде қатысу куратордың жұмыс жоспарын қамту керек", - дейді. Сонымен бірге осы жиында белгілі болғанындай кураторлық сағаттың

мазмұны – Конституция сағаты, университеттегі оқу үдерісін ұйымдастыру; ҚазҰУ студентінің кодексі. Ішкі тәртіп пен ереже; факультеттің, кафедраның тарихы; ҚазҰУ мұражайына раланау; студенттік салауатты өмір салтын насихаттау; ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауларын талқылау, еліміздің даму бағдарламаларына пікір қосу сияқты өзекті басымдықтардан құралу керек. Студентті ғылым мен білімге бағыттай отырып, тәрбие жұмыстарын үйлестіруді алға қойған кураторлар да өз кезегінде көкейлеріндегі сауалдарын жолдап, болашақтың жарқын болуына ат салысты. Университет, негізінен – оқыту, ғылыми-зерттеу жұмыстары және тәрбие сияқты үш бағытты негізге ала отырып



тұлға қалыптастыратындығын ескерсек, әрине, тәрбие саласы университеттің оқу жүйесіндегі ең үлкен бағыт болып табылады. Осы кезекте Ғылыми кеңестің бүгінгі басты тақырыбы да тәрбие жұмыстарына арналды. Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызы ҚазҰУ-дағы тәрбие жұмысының негізгі бағыттары туралы баяндай келіп, тәрбие жұмысын ұйымдастырушылық-кадрлық

қамтамасыз ету мәселесін алға қойды. Оның ішінде эдвайзерлік, кураторлық міндеттердің бір жүйеге келтірілуін, бұл қызметтің студенттік қоғамдағы тәрбиелік мәнін дамытуды айтты. Сонымен қатар студенттердің азаматтық-патриоттық қабілеттерін дамыту, студенттерді рухани-адамгершілік және мәдени-эстетикалық тәрбиелеу, студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту жұмыстарын нықтап қолға алуда бірлесіп

әріптестік қызмет атқаруға шақырды. Сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау, дене шынықтыру және спортты дамыту саласындағы атқарылған істерге тоқталып, тәрбие жұмысын жетілдіру міндеттерін де оқытушы-профессорлар назарына ұсынды. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген ғұлама сөзінде тәрбиенің қаншалықты маңызды екендігі көрсетілген. Ендеше, тәрбие жұмыстарының күн тәртібінде алға қойылуы орынды. Сан мыңдаған жастардың басын қосып отырған қасиетті білім ордасы үшін, тәрбие жұмыстарын дамыту тіптен керек-ақ. Бұл орайда университет ректоры Ғалымқайыр Мұтанов ҚазҰУ қалашығында Ұлы Абайдың, дана бабалардың ұлағатты сөздерін жазып қояды ұсынды. Мәселен, «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ», - дейді Ұлы Абай. Міне, осындай бір шама қанатты сөздерді жатақхана қабырғасына іліп қойсақ, жастар тәрбиесіне үлес қосары сөзсіз», - дейді университет басшысы. Тәрбие жұмысының өзекті де маңыздылығына барынша назар аударған университет ректоры өзі бастап куратор-эдвайзерлік қызмет атқаратындығын, осы сала барысында студенттер қоғамымен етене араласа отырып театр сынды мәдени ошақтарға ат басын бұратындығын айтты.

Саягул ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

## ҚазҰУ – ДЕНСАУЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Денсаулық – әрбір адам бақытының негізі. Еліміздің болашағы – әр адамның денсаулығына байланысты. XXI ғасырда еліміздің азаматтарының денсаулығы мықты, рухани дүниесі бай, жаны мен тәні таза, танымдық белсенділігі мен өздігінен білім алудағы шығармашылық қабілеті ерекше тұлғалардан тұруы тиіс.**



Қазақ атамыздың «Бірінші байлық – денсаулық», «Денсаулық – терең байлық» деген даналық мәтелдері тіршіліктің нағыз өзегінен алынған. Денсаулықтың қадірін, маңызын ерекше түсініп барлығынан жоғары санаған. Сонымен қатар «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», «Денсаулық – саулық негізі, саулық – байлық негізі» деп жан мен тән саулығын қоршаған орта аясында дұрыс сақтап және нығайтуға түрлі пайдалы әрекеттер жасаған.

Адамның ақыл-ойын, денсаулығын, қабілетін дамыту мәселелеріне бірнеше күрделі еңбектерін тікелей арнаған шығыстың әйгілі ғалымы әл-Фараби «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін», - деген екен.

Қазіргі таңда салауатты өмір салтын дұрыс түсінбеу азаматтардың рухани деңгейінің төмендеуіне және соның нәтижесінде жағымсыз жағдайлардың етек алып, тамырын тереңге жаюына себепкер болып отыр. Жастар денсаулығының нашарлауы, өмірінің қысқа болуы, жаман әдеттерге бой беруі осы жағымсыз жағдайлардың әсері.

Жастарының денсаулығы төмен, білімсіз, зиянды заттарға әуес, еңбекке

деген құштарлығы төмен, патриоттық сезімдері жоқ, тәлім-тәрбиесіз болса, ол мемлекеттің болашағы нашар, қорғансыз. Еліміздің болашағы жастар, сол себептен келешегіміз жарқын болсын десек, ең алдымен, ұрпақ саулығын қолға алайық.

Болашағымыздың жарқын болуын біз бүгінгі ұрпаққа үміт етіп артамыз. Ендеше, келер күннің айнасы жастар денсаулығында, салауатты өмір салтында. Салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыра алмау еліміздің келеңсіз жағдайлардың таралуының басты негізі болып отыр.

Міне, осы келеңсіз факторларды жою барысында, қазіргі қоғамда ғасыр дертіне айналып отырған нашақорлық, СПИД, ВИЧ мәселесін алға қойып, жастар арасындағы жат қылықтар жайлы мәліметтерді бере отырып, студенттердің білімдерін жан-жақты толықтыру мақсатында қарашаның

30-жұлдызында Биология факультетінде «Денсаулық Университеті» атты тәрбиелік іс-шара өтті. Бұл тәрбиелік іс-шараның айғағы ретінде еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаев: «Халықтың денсаулығы – ел дамуының аса маңызды тұтқасы, болашағымыздың кепілі» деп айтқан жолдауы болды. Іс-шараға биология факультетінің деканы Т.М. Шалахметова, деканның орынбасарлары Ә.Е. Ережелов, З.Б. Есимсиитова және факультеттің биология мамандығының 2-курс магистранттары мен белсенді студенттері ат салысты. 2-курс магистранттарының ұйымдастыруымен ғасыр дертіне айналған темекі мен есірткінің алкогольмен семіздіктің адам денсаулығына зияндылығы туралы баяндамалар оқылды. Сонымен қатар, факультетіміздің оқытушысы, б.ғ.д., профессор «адам және жануарлар физиологиясы мен биофизика» кафедрасының меңгерушісі Төлеуханов Сұлтан Төлеуханұлы «Денсаулықтың негізін қалайтын биоырғақты процестер» атты баяндама оқып, денсаулықтың қаншалықты маңызды екенін түсіндіріп өтті. Факультеттің белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен тәрбиелік мәні зор «Дені саудың – жаны сау», «Салауатты өмір салты» атты мюзиклдер қойылды. Денсаулыққа өте пайдалы, адамның 12 мүшесін қозғалысқа келтіретін, қазіргі таңда қазақтың ұлттық биі саналып отырған «Қара жорға» биі биленіп, 4 курс студенті Әбілқасым Мұхит пен 2 курс студенті Айтимова Дананың орындауларында әндер орындалды. Сондай-ақ, «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының үлкен жетістіктерге жеткен студенттері өз спорт түрлерінен бірнеше әдіс-тәсілдерін көрсетті. Іс-шараның қонақтары, студенттер емханасынан Зимина Екатерина, Сырцова Елена студенттермен ойын ұйымдастырып,

өткен іс-шараға өз үлестерін қосты және фарм-компаниясынан арнайы шақырылған қонағымыз Марина Луценко еліміздегі елеулі мәселелердің бірі болып отырған – қолдан түсік тастау (аборт) жайлы мәлімет беріп, бейне көрініс арқылы түсіндіріп өтті. Сонымен қатар қонақ ретінде басқа да факультеттердің декандарының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысып, бұл іс-шараның маңызы зор екенін, әрі ұнағанын айтып, ризашылықтарын білдірді. Тәрбиелік іс-шараның соңында қонақтарға бір сөзден (мысалы, гүл, өмір, денсаулық) жазылған қағаздар таратылды. Сол сөздер арқылы қонақтарымыз өз ойларын білдіріп, 90 ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде кештің қорытындысын берді.

**P.S.** Халық денсаулығы тек медицина қызметкерлерінің кәсіби тірлігі ғана емес, бүкіл қоғамның тұтас денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған үйлескен іс-қимыл әрекеттерінің жемісі екенін баршамаыз да ұғынуға тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, иманды және салауатты өмір салтын тұрақты қалыптастырып, болашақтың жарқын кепілі боламыз.

Егер болашағымыз нұрлы, еліміздің ертеңі жарқын болсын десек, ел болып, халық болып болашағымызды, ұлтымызды, тегімізді жоғалтып алмау үшін нашақорлық, СПИД, ішімдік, темекіден бойымызды аулақ ұстап, қоғамымыздың бұл түнектен арылуының жолын іздеп, салауатты өмір салтын насихаттайық.

Ляйля МУХАМЕТРАХИМОВА,  
Биология факультетінің  
2-курс магистранты





**Бекзат СМАДИЯРОВ,**  
филология факультетінің  
1-курс студенті

## «ҰЛТТЫҚ РУХ» символы

Халық рухы сынған емес әманда  
Сұм империя осыменен дастанынды төмамда.  
Жаратушы жауыздыққа шек қояды түбінде  
Жас Қайраттын  
Асқақ рухы алдында басынды идің бүгінде.  
Сен жасаған зұлымдықтар жетіп жатыр қазаққа  
Енді өзін қалып қойдың зор тарихи мазакқа!


Келер ұрпақ  
Қарт тарихтан шындық алу керек пе?!  
КСРО-ның хайуандығын  
дәлелдейін сүйеніп факт, дерекке:  
Малдық сана ақ уызы арнасына толғанда  
Қанды қырғын «Желтоқсанға» 1 жыл 2 ай қалғанда  
Алаш жұрты жүргенінде қапер аксия  
Тұл Мәскеуде жасалыпты «Метель» атты операция.  
Құл елдердің еркіндік деп ашылғанда араны  
Арандату мақсатында  
Қолданам деп жасапты олар әскери-ғылыми шараны.  
Малдық сана мұзартына жеткенде  
Ел мінбері өгейлердің байлауына кеткенде  
Рухи бақта гүл қуарып, шырмалғанда шөп басып  
Намыс туын арқалаған өз ұландар  
Өз алаңда қиянатты бетіне айтты дөп басып.  
Бұл қазақтың сасыпты деп шұлығы  
Компартияның сол кездегі қылығы  
Елестетті қасқыр шауып, мал қамалған қораны.  
Өр халқының қаһарманы Рысқұлбеков Қайратты  
Шарпып өтті сұм саясат «Метельдің» бораны.

Тергеуде де жанұшыра ұрды, сокты, жанышты  
Бірақ, Қайрат құлатпады ҰЛТТЫҚ РУХИ намысты.  
Сот залында. Тұрса дағы шок басып  
Қара, тұнық жанарынан от шашып:  
- Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар.  
Еркек тоқты құрбандық  
Атам десең атыңдар!  
деген сәтте зал ішінде күллі халық дір етті.  
(Қайран Қайрат тербеттің-ау жүректі!)  
Жауыздықтың үдірейді айдары.  
Қайрат күліп жайдары:  
«Алмабековті соққылады! Ол шындық.  
Менен алдын қазақ қызын тепті емес пе ол мұндық.  
Қарындастың ары үшін  
Болашақ ұлан жары үшін  
Күн туғанда қайталар ем ондайды», -  
деп, Қайрат сері нар иығын комдайды.  
Міне, көзсіз  
Міне, сөзсіз қаһармандық елесі  
Ұрпақтарға үлгі болар келесі.

Даңқ шынынан болып қалды сан ер ада  
21 жаста, 21 мамыр күні, 21-камерада  
Қошқыл жас пен ұялатып өксік көмейге  
Темір тордың ар жағында  
Қастандықпен асылы ұлан өлім құшты Семейде.

Рух шынының акса да ерте жұлдызы  
Барды алаңға  
Өзі бастап 2000-дай қазағымның ұл-қызы.  
Өзі сынды өрімдердің өрлігіне сеніп еді  
Дәл сол замат қанды алаңға «НАМЫС ТУ» боп еніп еді.  
Қарт тарихты былғаныштап өзгерте алмас ешкім де!  
Жарық таңға ұласары хақ емес пе кештің де.  
Қара да тұр  
«ҰЛТТЫҚ РУХ» хас шыңына шығады әлі-ақ тұмансыз  
Яғни, Қайрат жеңісі бұл күмәнсіз.

Ұмытылмасын  
Семейдегі қан сасыған темір құрсау, тор іші  
Қайрат рухын асқақтату әр қазақтың борышы.  
Мән шындықтың қасетасы біраз жылға шайналды  
Енді, міне,  
Қайрат сөзсіз «ҰЛТ РУХЫНЫҢ» символына айналды.  
Қазағымды өлтірмедің, балалаттың, қоздаттың  
Уа, Тәңірім!  
Қияметте жайын мәңгі жұмақи ет боздақтың...



Университетімізде 2010 жылдың 9 желтоқсанында қазақ елінің төл мерекесі Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған «Тәуелсіздік таңы» жалпыуниверситеттік жыр мұшайрасы өткізілді. Жыр мұшайрасына университетіміздің барлық факультетінен 35 студент қатысты. Республикалық «Үркер» журналының бас редакторы Қуандық Түменбай, халықаралық «Алаш» сыйлығының, «Дарын» сыйлығының лауреаты Жарас Сәрсек, шығыстанушы ғалым, профессор, ақын Өтеген Күмісбаев, ақын, «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты Бауыржан Жақып, филология ғылымдарының докторы, профессор, филология факультетінің деканы Қансейіт Әбдезұлы мұшайраға төрелік етіп, батасын да, бағасын да берді. Әділқазылар алқасы түрлі мамандық студенттерінің қара өлеңге деген өзіндік іңкәрлігін ерекше атап өтті.

«Тәуелсіздік таңы» жыр мұшайрасында бас жүлдені филология факультетінің 1-курс студенті, жас ақын Смадияров Бекзат, I орынды журналистика факультетінің 2-курс студенті Жақсылық Қазымұратұлы, II орынды философия және саясаттану факультетінің 4-курс студенті, жас айтыскер ақын Байтуов Біржан, III орынды халықаралық қатынастар факультетінің 1-курс студенті Қарлыбаева Ақмарал иеленді. Әділқазылар жүлделі орындардан басқа өз өлеңдерімен ерекше көзге түскен биология факультетінің студенті Талшын Артыққызын, химия факультетінің студенті Еламанова Арайлымды, журналистика факультетінің студенті Бауыржан Әліқожаны, филология факультетінің студенті Мырзақұлов Бауыржанды ынталандыру сыйлықтарымен марапаттады. Жүлделі орындарға ие болған жас ақын студенттеріміз университет ректорының арнайы дипломымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ендігі сөз кезегін үкілері желбіреп, бәйгеден озып келген жыр дүлділеріне берейік.

# Азаттықтың Сен мен үшін,

## ҚАРАЛА СЫРМАҚ

Көңілімнен айығар сырғақ-күдік,  
Бала күнді толғансам жырлап тұнық.  
Анам сонда жүретін тым асығып,  
Ою салып, өрнектеп, сырмақ тігіп.

Үйіне барсам ылғи әкесі де,  
«қызымды саған ғана берем»-дейтін

Балалықтың аңсадым құлынды әнін,  
Қайда қалдың? тым тентек жұлынған үн.  
«келіншек алып берем» - дейтін анам,  
«қайтесің?» - деп сұрасам «мұның бәрін».

Гүл-балалық құшағын тұрады ашып,  
Естуге шат күлкіні құлақ асық.  
Әйтеуір жалған-шынын біле алмадым,  
Анашым келді бір күн құдаласып.

Армандаумен өткеріп танды кілең,  
Бір қиял көкірегімде жанды білем.  
«келіншек алу үшін»-деп ойладым,  
Өрнекті сырмақ керек алдыменен.

Қуаныш үн көңілді көтерді асқақ,  
Енді бәрін көзіммен өтем жасқап.  
Жүрдім сосын сыртынан иемденіп,  
Ауылда жігітте жоқ бөтен-бастақ.

Бәрі де сақталыпты есте берік,  
Сырмақтар тігілген соң кестеленіп.  
«көршінің кенже қызын алып бер»-деп  
Қыйғылық салдым бір күн кешке келіп.

Елігіп жастығымның күй ырғағы  
Аңсадым арман жолын қиырдағы. ,  
Тігіліп қанша сырмақ бітсе дағы  
Қайтейін көрші қыз да бұйырмады.

Шағым ол ойламайтын тереңдей тым,  
Қайғының сезінбеген керең кейпін.

Малданып белең берген жырға қылаң,  
Кеудемде шертілгенмен сырғалым ән.  
«олжасыз» барғанымда анашым-ау,  
Ұялам сол қарала сырмағыннан.



**Жақсылық  
ҚАЗЫМҰРАТҰЛЫ,**  
журналистика  
факультетінің 2-курс  
студенті

## ТУҒАН ЖЕРІМ – ТІРЕГІМ, ТУҒАН ТІЛІМ – ЖҮРЕГІМ

Ал қазақтың басына береке еніп,  
Иман нұры ойнап тұр келбетінде.  
Бір жеңнен бас, бір жеңнен қол шығарып,  
Бейбітшілік бесігін тербетуде.

Өз тілінен жатқасын іркіліп ұл,  
Базбіреуге, әрине, күлкілі бұл.  
Қариялар азайды немереге,  
Деп айтатын тегіңмен, ғұрпыны біл.  
Адастырып тірліктің ой-қырымен,  
Бұлаң қағып барады түлкі ғұмыр.

Туған елдің түтіні түзу шығып,  
Жайқалуда ұлың-тал, қызың-шыбық.  
Бірақ қазір тұрмысың оңалғанмен,  
Ұлттық рухтан барады ізін суып.  
Азаттығын алсада байтақ ордам,  
Қазақ тілім өнін пәс, жүзін сынық.

Елім-әкем болғанда, тілім-анам.  
Ұмыт қылар қалайша мұны балаң.  
Жүрегімде қат-қабат орын тепкен,  
Ауыр боп тұр тілімнің мұны маған.  
Елін қалай сүйем деп айта алады,  
Анасына жүрегі жылымаған.

Қуансақта жеттік деп думан күнге,  
Жастарыңның келбеті кірді әр түрге.  
Жанымызды түсінер жан азайып,  
Шағып жүрміз амалсыз мұнды әркімге.  
Туған елде жүрсекте дүкендерден,  
Жей алмадық нан сұрап туған тілде.

Ана тілім жатсада құлап-тұрып,  
Жүрегімнен сөнбейді шуақты үміт.  
Тастаса егер жастарым мойнынан,  
Рухсыздықтың қамытын лақтырып.  
Тұлпарына бақыттың бірақ мініп,  
Қалар еді жанына қуат кіріп.

Сөйле десең қазақша жек көреді,  
Осыма еді қазаққа жетпегені.  
Өр намыстың шыңына ту қадаған,  
Қайда қазір қайратты көк бөрі елі.  
Қазақстан тәуелсіз болғанымен,  
Қазақ тілі тәуелді боп келеді.

Қараймында далама абаттанған,  
Үміт күтем арайлы әр ақ таңнан.  
Өсіп жатқан біздің ел жас мемлекет,  
Бала қыран секілді талаптанған.  
Елім-әкем, тіл-анам екеуінің,  
Жақсылығын тілеймін жаратқаннан.



**Біржан БАЙТУОВ.**  
философия және  
саясаттану факультетінің  
4-курс студенті

Нәсіп қылып жаратқан жақсы күнді,  
Қуаныштан жанарға жас тығылды.  
Азат елдің арайлап атқан таңы,  
Шартарапқа шуақты шашты нұрды.  
Ауыспалы-төкпелі бұл заманда,  
Бақытына қазақтың бәс тігулі.

Дүрбеленге ұласқан жер бетінде,  
Тыныштығы тірліктің кері кетуде.





**Ақмарал ҚАРЛЫБАЕВА,**  
Халықаралық қатынастар факультетінің 1 курс студенті

## АРМАН ҚАЛА – АЛМАТЫМ

Алатаудың бөктерінен қоныс тепкен ән қала,  
Алғаш сені көрген кезде қалып едім тандана.  
Қанша уақыт өтсе-дағы қажымапсың, талмапсың,  
Көңіліме медеу болар, жүрегіме жан қала.

Шығу үшін биіктер мен тылсым өмір тағына,  
Арман қуып, ару қалам, келдім саған тағы да.  
Қол бұлғап сен, алыстардан шақырғандай көріндің,  
Сол мезетте жетіп келдім бір өзінді сағына.

Жаңа әлемнің есігіне жақын келіп, тоқталдым.  
Оны ашуға қорықтым да бір мезетте оқталды.  
Дәл алдымнан шыға келдің кербез, сұлу Алматым,  
Арайланып күн нұрындай арасында шоктардың.

Қанатына отырғызып, сол сәт аздап тербеп ең.  
Асқар таудың шырдарына құлыныңмын өрлеген.  
Алақанның жылылығын, жан жылуын сезіндім,  
Бауырына басып мені алып кеттің желменен.



**Бауыржан ӘЛҚОЖА,**  
журналистика факультетінің  
4-курс студенті

### АЗАТТЫҚ

Қазағым, не кешпедің мына бастан,  
Кездерің көп шырылдап шын адасқан.  
Сұлуларың алдында өңгеріліп,  
Жау астында ойнады құла қасқан.

Сайларыңда қызыл қан көл боп аққан,  
Кеудеңдегі не дейін шерге қатқан.  
Не нәубеттің бәрін де ұмыттырып,  
Сәулесімен емдеді тербеп ақ таң.

Не көрмедің сұрапыл жұт жылдары,  
Тайған уақыт басынан жұрттың бағы.  
Ей, кара жер, жатырсың томпиып ап,  
Талай бозым ерлерді жұттың-дағы.

Айналдырып қайғыға қуанышын,  
Атты талай ұлттыңмың кіл арысын.  
Жандырмасак өшкенді... Ұлы тарих,  
Ескермеген жазалар күнәң үшін!

Сорлап-ақ қалыппыз-ау сорлағанда,  
Астарыңда ақиқат, аңдағанға.  
Шеңгеліне біз түсе беріппіз ғой,  
Қыран тағдыр қанатын қомдағанда...

Қабырғасын қаусатқан қараулықтың,  
Тірегіндей көремін оларды ұлттың.  
86... жастардың өр дауысы,  
Бұзып жарған қамалын бодандықтың.

Еркіндікте болмай ма жүйелі ісің,  
Дербестігім-дәрменім, сүйенішім.  
Азаттықтың көгінде тербетілген,  
Сен мен үшін, көк байрақ, киелісің!!!

Сайларыңда қызыл қан көл боп аққан,  
Кеудеңдегі не деймін шерге қатқан.  
Не нәубеттің бәрін де ұмыттырып,  
Сәулесімен емдеуде тербеп ақ таң!

Дайындаған Тәрбие және тілдерді  
дамыту департаменті

# КӨГІНДЕ ТЕРБЕТІЛГЕН, КӨК БАЙРАҚ, КИЕЛІСІҢ!!!



**Арайлым ЕСІРКЕПОВА**  
Химия білім беру, 101к

### АЯУЛЫ АНАЛАР

Қойынында жатасың аунап қунап,  
Ол нәзік жан тарататын көктем шуақ.  
Бәрімізге ақ сүт беріп, асырайтын  
Әрине, ең бірінші ана қымбат.

Жыр жазамын ана жайлы далама кең  
Құлпырады тоғайларым ала бөтен  
Сағынышты жүрегім тұрса тулап  
Күлімдеген көздеріне карап өтем.

Сергисің, әлденесің бойды жинап,  
Тауыса алмассың ешқашан оны силап  
Айтқан сөзі әрқашан дем береді  
Өзіме де өте қымбат осы бір шақ

Ол ана - тербетумен түнді өткізген,  
Ол ана - қуат беріп бой жеткізген  
Күлімдеген нұрына бұлт төнгенде  
Ол ана - ашуымен дір еткізген.

Мамам мені құшып сүйген кезінде,  
Бөленемін бір ғажайып сезімге  
Ал анашым карағанда үмітпен  
Білінеді күлімдеген жүзінде.

Түсуге әзір мен деп орға, торға да,  
Мені өмірде кешіретін сол ғана  
Ғұмырлы бол анашым бұл өмірде  
Сен бар жерде береке бар жан ана.



**Талшын АРТЫҚҚЫЗЫ,**  
биология факультетінің 1-курс  
студенті

### АНА ТІЛІМ – АЛТЫН БЕСІГІМ

Ана тілім – менің алтын бесігім,  
Ана тілмен аштым өмір есігін.  
Баға жетпес бабалардың мұрасы,  
Ана тілім – Аллаң берген несібім.

Ана тілім арлы, адал, ардақты,  
Ана тілім ауыр әрі салмақты.  
Ақтабанның заманында қазағым,  
Ана тілде «Елімайлап» зарлапты.

Қарапайым, қасиетті, киелі,  
Құны қымбат, мағыналы, жүйелі.  
Токсан ауыз сөзді менің қазағым,  
Тілмен түйреп, тобықтай қып түйеді.

Ана тілім - Абай, Жамбыл, Мұхтарлар,  
Ұлт мүддесі, ұлт рухына құштарлар.  
Қасіретіне қабырғасы кайысар,  
Қасиетін қазақ тілдің ұққандар.

Ана тіл деп азап шеккен тағдыры,  
Қазақ тілі - Шахановтың зарлы үні.  
Қазақ тілі - үш бәйтерек, бес арыс,  
Қазақ тілі - Нұрсұлтанның жарлығы.

Ана тілім – жас ұрпақтың таң нұры,  
Бакыты да, баға жетпес байлығы.  
Қазақ тілі зор құрметке лайықты,  
Қазақ тілін білу керек барлығы.



**Бауыржан МЫРЗАҚҰЛОВ,**  
филология факультетінің 1-курс  
студенті

### ЖАУЫЗДЫҚТЫ ЖЕҢГЕН ЖЕЛТОҚСАН

Алатаудың ақ бас шыны, құздары,  
Мұң шертеді, жас болады мұз-қары.  
Борады қар, боран ұлып бөрідей,  
Бет бактырмай желтоқсанның ызғары.

Тарихымның көріп тәлкек, талқысын,  
Көз қуанып, көңіл қалай шалқысын.  
Жауыздыққа қалай қнып қалдырам,  
Абайлар мен Махамбеттер халқысын.

Қазағымның қарға көміп жастарын,  
Құлпытас қып көше бойын, тастарын.  
Нұр жарытып, кім түреді түндігін,  
Күн күлмейтін қара түнек аспанын.

Шындық десең бұл күнде бауыздар кім,  
Өз еркінде не десе ауыздардың.  
Қалың жастар қырылып кетті білем,  
Тырнағына ілігіп жауыздардың.

Бүк түсіріп шауған жері, қапқаны,  
Жауыздардың қар астында қақпаны.  
Жамандықтың үдей түссе желісі,  
Жаратқанның қарғысы тек тапқаны.

Бет-жүзімді тәу етіп қаратқаным,  
Ығын ықтап, бағынып баратқаным.  
Тәуелсіздік алдық біз егемендік  
Қазағымға жар болып Жаратқаным.

Қорықпаймын орыс пен қалмағынан,  
Бүгілмейді еңсем де салмағынан.  
Желтоқсандық жастардың жігерімен,  
Тәуелсіздік құрылған арманынан.





Зиялы қауым



# Қазақ киносының нартұлғасы ҚазҰУ-да

Қазақ киносында өзіндік бағыт-бағдары қалыптасқан әрбір актер Асанәлі Әшімовті ұстаз санайды. Бұл оған берілген баға ғана емес, оның қазақ мәдениетіндегі орнын айғақтаса керек. 9 желтоқсан күні КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде болып, оқытушылар және студенттермен биресми түрде кездесті. Оның негізгі мақсаты - өзінің рухани досы, талай жыл осы факультетте ұстаздық еткен санаткер жазушы Серік Әбірайымұлының атына ашылған Оқу залымен танысу еді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде мәдениет қайраткері, дарынды жазушы-журналист, аудармашы Серік Әбірайымұлы атындағы оқу залы 25 қыркүйек күні салтанатты түрде ашылған болатын. Оның тұсаукесеріне ҚР қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен жазушылар: ҚР Президенттік мәдениет орталығының директоры Мырзатай Жолдасбеков, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры Бақытжан Әбірайымов, Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Қалижан Әбірайымов, жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы секілді көптеген тұлғалар қатысып, тәлімгерлерге ой салатын тәрбиелі сөздер айтқаны белгілі. Осы салтанатты бас қосуға Серағанның рухани досы әрі ұстазы Асанәлі Әшімов іссапарда болуына байланысты

келе алмай қалған еді. «Міне, осы орайда жүрегі «қазақ халқы» деп соққан асыл тұлғаның, кішіпейіл азаматтың алдындағы бір парызым болғандықтан оның атына ашылған оқу залында болып, студенттермен биресми әңгімелесу бүгінгі мақсатым еді» дейді бұл жөнінде қазақ киносының ақтангері.

Акселеу Сейдімбек оған «Сапа белгісі бар жігіт» деп баға берсе, оның «Әбірайымның Серігі – студент күнінде-ақ атқан тандай өзін жалпақ әлемге танытқан азамат. Ол қай қызметте істесе де абыройлы болды. Ең бастысы, ұлт сөзін сөйледі, жұрт мұнын мұндады» деген сөзі Серағанның атындағы оқу залының төрінде жазылып, келген-кеткен тәлімгерлердің барлығына ой салып тұрса керек. «Өтті дәурен осылай» атты біртуар перзентіміз Дінмұхамед Қонаев

туралы кітаптың дүниеге келуі де Серік Әбірайымұлының жемісті еңбегінің бірі. «Халықта аталы жұрттың басы еді, алтынды ердің қасы еді» деген сөз бар. Сол аталы жұрттың бірегейі, алтынды ердің қасы осы Сераған. Ол «Санат» баспасының басшысы болған 1991 жылдан соңғы кезге дейін, ғылымның 32 тарауы бойынша 450-дей еңбек жарыққа шығарған.

Жазушы, журналист, көсемсөзгер, ұстаз, аудармашы болған азамат туралы тебіреніп сөйлеген Асанәлі Әшімов бұдан өзге бүгінгі таңда қазақ қоғамын алаңдатып отырған мәселелер жөнінде ой қозғап, болашақ журналистер мен баспагер-редакторларға жазуға машықтануда қандай күрделіліктерді есте ұстау қажеттігін айтып, оларды ұлт парасаты болуға шақырды. Университет басшылығының ұлт үшін қызмет еткен тұлғаларды ұлықтаудағы жасап отырған шараларына ризашылығын білдірді. Қазақ киногері жақын күндері тағы да қасиетті кара шаңыраққа келіп, өз әріптестерімен бірге студент жастармен кездесу өткізуге уәде берді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

# Ақынмен кездесу өтті

Қазақ әдебиетінің алып асқарына айналған ақын, Қазақстанның Халық жазушысы, «Тарлан» сыйлығының иегері Қадыр Мырза Әли жетпіс бес жылдық өмір жолын еңсерсе де, қолынан қарымды да қасиетті қаламын тастаған емес. Өткен аптада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетіне қадірменді қонақ ретінде шақырылған Қадыр Мырза Әли студенттердің ортасында өткен өмірдің алтын белестеріне қайта көз жүгіртіп, жалынды жастық шағын еске алып, шығармашылық қызметтерінен сыр бөлісті.



«Қазақ поэзиясына осы ғасырдың орта тұсынан өте бере келіп, соңғы жылда тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан шын мәніндегі талант екеу болса – бірі, біреу болса – өзі Қадыр Мырзаліев». Академик З. Қабдолов өткен ғасырдың еншісіне осындай соны сөз қалдырғанымен, бұл бағалаудың құны бүгінгі таңда да жойылған емес. Сонау студент кезінен көзге түсіп, ақындық талантымен талайды тамсандырған дарабоз кара шаңырақ ҚазҰУ-дың 1958 жылғы түлегі. Кеш барысында ақынның алғашқы еңбек жолы – «Балдырған» журналынан бастап, «Жұлдыз» басылымы мен «Жазушы» баспасында атқарған абыройлы қызметтері сөз етілді.

«Қазығұрт» баспасының президенті Темірғали Көпбаев, сондай-ақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасының меңгерушісі Жанғара Дәдебаев, Қазақ әдебиетінің тарихы кафедрасының меңгерушісі Өмірхан Әбдиманұлы басқосуға келіп отырған қадірменді қонақ – Қадырдың ақындығы жайлы толымды пікірлер айтып, ой бөлісті. Студенттер тарапынан ақынның өлеңдерін жатқа оқудан жарыс ұйымдастырылып, кітаптар сыйға тартылды. Сонымен қатар, ақынның «Мың бір мұң» драмасынан көрініс қойылды.

Қолына қалам ұстаған тарландардың төл туындылары халыққа толыққанды жету үшін, жыр жинақтары

кітап болып жиі басылып отырса, қанеки. Бұл орайда Қадыр Мырза Әлидің 75 жылдық мерейтойына байланысты 20 томдық таңдамалыларының тұсауы кесіліп, көрерменге жол тартты. 2002 жылы соңғы рет 16 том болып жарыққа шыққан ақынның туындылары ендігі кезекте бас-аяғы бүгінделіп, оқырманмен қайта қауышты.

– Бұл семинар-презентациямыз еліміздің тәуелсіздік мерекесіне де орайластырылған. Қадыр Мырза Әлидің шығармалары қазіргі оқу үдерісінде кенінен қолданылады. Теориялық ұғымдарды осы кісінің шығармаларымен, өлең жолдарымен үнемі түйіндеп, дәріс барысында қолданып отырамыз. Бүгінгі кешіміздің мақсаты да ақын шығармашылығын насихаттаумен қатар, оқу барысында кенінен пайдаланылатынын көрсету. Әрі ақынның ұлттық рухты танытатын, көркемдік ойлауда ұлттық нақыштарды айшықтайтын ұлт ақыны екендігін болашақ ұрпақтың бойына сіңіру. Бүгінде ол кісінің шығармалары ғылыми айналысқа түсіп, кандидаттық зерттеулер қорғалып жатыр, – дейді кездесу кешін ұйымдастырушы, Әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Сәлима Қалқабаева. Қорытындылай келгенде, кештің тақырыбы – кездесудің тобықтай түйіні: шын мәнінде «Қадыр Мырза Әли – ұлт ақыны». Ақын Қадыр жана қырынан қайта танылды.

Қуаныш ТҮНФАТАР

Азиада- 2011

# ҚазҰУ студенттері Азиада ойындарының бас жанкүйері

2011 жылы Қазақстанда өтетін VII Қысқы Азия ойындарын өткізу үшін Астана мен Алматы қалаларында қызу дайындық жалғасып жатыр. Осы орайда еліміздің аталмыш қысқы Азиадаға барынша қолдау танытып жатқандығы жастар бойына патриоттық сезім ұялатады. Еліміздің ірі қалаларында ұйымдастырылған VII Қысқы Азия ойындары Қазақстан тарихындағы орасан оқиға болатыны айқын. Бұл салтанат барысында Қазақстанның ұлттық сипаты ерекшеленетіні де жасырын емес. Бұл кезекте «Астана қаласының XXI ғасыр көшбасшысы» қоғамдық жастар бірлестігі әлемдік доданың популяризациясына қолдау көрсетуіде Қазақстан жастары үшін үлкен қуаныш пен мәртебе тудырып отыр. Осы бірлестікте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлектері мен студенттері басты орындарға ие болуы біз үшін үлкен мақтаныш. 27 қараша күні Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің қолдауымен Махита сауда үйінің алдындағы алаңда орналасқан роликті коньки тебетін айында VII Қысқы Азия



ойындарын қолдау ретінде флеш-моб өткізді. «Астана қаласының XXI ғасыр көшбасшысы» қоғамдық жастар бірлестігінің төрағасы Сиха-

ев Марлен: «Бұл Азиада ойындарын Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекесінің бастауы деуге болады. Яғни, біз

осы салтанат арқылы еліміздің мерейлі жылын, мәртебесін бүкіл әлемге білдіреміз деп ойлаймын» – деп атап өтті. Сондай-ақ қысқы Азияда ойындарына қолдау танытып, жанкүйерлер қатарының алдыңғы қатарын бастап тұрған ҚазҰУ студенттеріне үлкен алғысын жеткізіп, осындай шерулер арқылы біздің халқымыз дүбірлі додаға сакадай сай дайын екендігін байқауға болатындығын жеткізді. Өткізілген флеш-мобтың басты мақсаты халық арасында салауатты өмір салтын насихаттаумен қатар әр азамат бойына Азияда басталуының аз уақыт қалғанын сездіретін шырайлы көңіл-күйді сіндіру болып табылады. Ақция аясында мектеп оқушылары мен студенттер тегін түрде ролик тебу мүмкіндігіне ие болды. Келушілердің жүзінен қуаныш лебі сезіледі. Ендеше, 2011 жылы елімізде жалауын көтеретін VII қысқы Азия ойындарында спортшыларымызға тек жеңіс тілейміз.

Алмас АҚТАҒАНОВ, химия факультетінің 1-курс магистранты



■ **Фестиваль**

Студенты КазНУ, учащиеся колледжа и слушатели подготовительного отделения для иностранных граждан получили приглашающие билеты от выпускников КазНУ для участия в традиционном международном фестивале «Зарубежная казахская молодежь и родной язык».

## Студентов приглашают выпускники

Мероприятие проводилось в преддверии Дня Независимости Республики Казахстан с участием казахской диаспоры и студентов из числа этнических казахов зарубежных стран, обучающихся на исторической родине в различных столичных и областных вузах.

14 декабря 2010 г. участниками фестиваля возложили цветы к монументам Независимости и «Рассвет свободы». Затем торжественное открытие фестиваля состоялось в стенах Казахской государственной филармонии имени Жамбыла.

Его организаторы учитывают, что прибывающая из-за рубежа казахская молодежь оказывается совершенно в новой, незнакомой ей среде, отличающейся поликультурностью, поликонфессиональностью, многонациональным составом населения. Поэтому задача государства и гражданского общества - сделать все возможное для безболезненной адаптации и социализации молодежи.

Международные фестивали, в частности, призваны объединять казахскую молодежь на ее исторической родине - в Казахстане, показать значение родного языка в единении народа и развитии культуры, национального самосознания, продемонстрировать достижения Казахстана, направленность политики Главы государства на национальное единство, толерантные отношения в принимающем обществе, международное сотрудничество.

Айтыс среди молодежи, выставка студенческих работ по прикладному искусству, Гала-концерт студентов - в программе мероприятия. Подготовительный факультет КазНУ представлял с концертными номерами Елдос Болат (МНР) и Балғын Саулет (КНР). По просьбе студентов намечено выступление Народной артистки Макпал Жунусовой, заслуженных артисток Майры Ильясовой и Бағдат Самиденовой. Кстати, Бағдат - выпускница филологического факультета нашего университета! Среди организаторов фестиваля - около 10 наших выпускников.

Фестиваль завершился вручением призов и дипломов победителям айтыса, за лучшие концертные номера и работы по народному прикладному искусству.

Соб. корр.

■ **Тәрбие сағаты**

Тәрбие бөлімінің бастамасымен ҚазҰУ көлемінде тәрбие жұмысын жандандыру шаралары қолға алынды. Осы мақсатты негізге ала отырып «Факультет күні» аясында әр факультеттің ерекшелігін ескере отырып, тәрбие сағаттарын өткізу жоспарланған болатын. Кесте бойынша халықаралық қатынастар факультетінде желтоқсан айының 3 жұлдызы күні үлкен іс-шара ұйымдастырылды. «Патриотизм ұғымының дамуы: әлемдік жастар назарында» атты оқытушы-профессорлардың ұйымдастыруымен басталған дөңгелек үстелге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Шолпан Ерболқызы Жаманбалаева, тәрбие және әлеуметтік жұмысы жөніндегі бөлім бастығы Б.М. Көшпенбетов және механика-математика, шығыстану, химия, журналистика, экономика және бизнес, биология, философия және саясаттану факультеттерінің тәрбие жұмысы жөніндегі декан орынбасарлары қатысты.



# ПАТРИОТИЗМ ҰҒЫМЫ: әлемдік жастар назарында

Дөңгелек үстелді т.ғ.д., доцент С.Ж. Сапанов жүргізіп отырды. Алғашқы сөз факультет деканы профессор К.Н. Шәкіровке берілді. Жиын барысында «Патриотизм дегенде қазақ жастары нені түсінеді?», «Патриотизм», «Отансүйгіштік» туралы түсінік қазақ жастарының арасында қандай дәрежеде? деген сұрақтарға қатысушылар жауап беруге тырысты.

Бұл бас қосуды халықаралық қатынастар факультеті ұйымдастырып отырғандықтан әлемдегі басқа мемлекеттерде патриоттық тәрбие қалай жүргізілетіндігі салыстырмалы түрде қарастырылды. АҚШ, Қытай, Франция, Түркия азаматтары үшін патриотизм ұғымы нені білдіретіндігін де дөңгелек үстелге қатысушылар назардан тыс қалдырмады. Осы орайда Германиядан келіп оқып жатқан I курс студенті Шадкам Олжас пен Қытайдан келіп оқып жатқан I курс студенті Ертай Қайсар Қазақстандағы жастардың Отансүйгіштігін өзі келген елдегі жастардың Отансүйгіштігімен салыстыра отырып, нанымды мысалдармен жеткізе білді.

Университет өткен «Ана тілі» байқауында «Жалынды Ару» аталымына ие болған I курс студенті Іңкәр Аманкелді оқыған «Қазақтың тілі» атты өлеңі ана тілінде сөйлей алмайтын студенттерді ойландырып тастады.

Тәрбие мәселесін қамтыған дөңгелек үстелде аға оқытушы Г.Ә. Кәріпбаева: «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» мерекесі кең көлемде қолға алынса деген тілегін жасырып қалмады.

Дөңгелек үстелді нақ осы тақырыпта ұйымдастырудағы негізгі мақсат: әлемдік тәжірибе негізінде факультетте отансүйгіштікке тәрбиелеу қалай жүргізіліп жатқандығын ортаға салу; жүрегі «қазақ!» деп соғатын жастарымыздың қатарын көбейту.

Дөңгелек үстелден кейін қонақтарымыз халықаралық қатынастар факультетінің 15 жылдық мерекесіне орай ашылған «Дипломатиялық қызмет» кабинетінде болып, жақсы лебіздерін білдірді. «Дипломатиялық кабинеттің» ішіне кірген әрбір Қазақстан азаматының жүрегі жиі соғып,

көкірегінде мақтанш сезімі оянаатыны сөзсіз.

Факультеттік күнінің екінші кезеңінде оқытушылар мен студенттер ұйымдастырған «Мыңжылдық саммиті» атты ерекше форматты қойылым болып өтті.

БҰҰ-ның «Мыңжылдық саммиті» 2000 жылдың қыркүйек айында ұйымдастырылған кезекті саммиті. Мұнда алғаш рет 192 мемлекеттің басшылары бір мезетте бас қосып, әлемдік қауымдастықтың 2015 жылға дейінгі даму бағдарламасын қабылдады. Саммит қорытындысы бойынша барлық мемлекет басшылары біріккен түрде «Мыңжылдық декларациясын» қабылдап, алдына 8 негізгі мақсат қойды. Ол мақсаттарға жетуді мемлекеттер өз мойындарына алған болатын.

«Мыңжылдық декларациясында» көңілді ескі қауіп-қатерлерге емес, XXI ғасырда адамзаттың алдынан шығатын жаңа қауіптерге бөлу көзделді.

Халықаралық қатынастар факультетінде ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты ерекше. Қонақтар мен студенттерге «Мыңжылдық саммитінің нұсқасы» ұсынылды. Саммитке маңызды аймақтар мен мемлекет өкілдері қатысты. Саммиттің төрағасы ретінде - Қазақстан Республикасы алынды. Студенттер «Мыңжылдық декларациясында» көрсетілген проблемалар жайлы шет тілдерінде баяндамалар жасап, қойылымдар қойды, бейне роликтер көрсетілді. Саммиттің мақсаты - қоғамымызда шешімін таппай келе жатқан проблемаларға назар аударту болды.

Жалпы алғанда, өткізілген іс-шаралар жайлы қонақтарымыз бен қатысушылар тек жылы лебіздерін білдірді. Мұндай мерекелі күндер университетіміздің басқа факультеттерінде де өткізіледі деп сенеміз. Ал әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің ұжымы мұнымен тоқталмай, алдағы уақытта да қызықты іс-шаралардың көрермені болатындарыңызға сендірмек!

**Гүлшат АХМЕТАЛИЕВА,**  
халықаралық қатынастар факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



■ **Турнир**

## Бадминтон - одна из древнейших игр на планете

Современная игра бадминтон в Европу попала в 18 веке из Индии, где бадминтон носил название «Пуэнэ». Английские солдаты, расположенные в Индии, привезли индийскую версию игры в Англию, в поместье Бадминтон, откуда игра и берёт свое название. Индийские правила этой игры действовали вплоть до 1887 года. Впервые попов на Олимпиаду в 1992 году в Барселоне, бадминтон теперь является олимпийским видом спорта.

Современная игра бадминтон заинтересовала и нас. КазНУ имени Аль-Фараби включил этот вид спорта в свои спортивные мероприятия, такие как «Кубок Ректора», традиционная спартакиада «Здоровье» среди преподавателей и сотрудников университета.

Также для укрепления здоровья и приобщения преподавателей и сотрудников военной кафедры к здоровому образу жизни ежегодно проводится турнир по волейболу и теннису.

8 декабря 2010 года в спорткомплексе КазНУ им. Аль-Фараби состоялся первый турнир по бадминтону среди сотрудников военной кафедры, посвященный Дню Независимости Республики Казахстан. С приветственным словом выступили начальник военной кафедры, полковник Степаненко Олег Евгеньевич и заведующий кафедрой физического воспитания и спорта Арещенко Анатолий Иванович. Большую помощь в организации и проведении турнира оказал заведующий лабораторией Кушумов Астан Кенесович.

В соревнованиях приняли участие команды трех подразделений военной кафедры, в

составе которых были две мужские пары и одна смешанная (мужчина и женщина). Турнир прошел в упорной и бескомпромиссной борьбе. Сильнейшими стали команда цикла материальной части ПВО, которые завоевали 1 место и Кубок Первого турнира по бадминтону. После напряженной борьбы в последней решающей игре цикл боевого применения ПВО занял 2 место. Хорошую игру показала команда цикла мотострелковых войск, которые заняли 3 место. Подполковник запаса Михеев Евгений Валентинович изо всех сил старался вывести свою команду вперед.

С особой теплотой хочется поздравить всех тех, кто принимал активное участие и вносил вклад в общую победу. Необходимо отметить начальников цикла полковника Шалдыбаева

Зарлыка Токаевича и подполковника Ширяева Олега Анатольевича, которые были отличными примером для своих подчиненных. Прекрасную игру показала смешанная пара цикла боевого применения ПВО старший лаборант Альжанов Ерболат и ведущий специалист Атабаева Галия.

Все команды по итогам соревнований были награждены грамотами и памятными подарками от профсоюзного комитета «Парасат».

Проведение таких спортивных турниров для военной кафедры стало доброй традицией. Впереди нас ждет турнир по волейболу и теннису.

**Э.А.БЕЙСЕТБАЕВА,**  
председатель профсоюзного комитета военной кафедры



■ **Кафедра**

Жылдар жылжып, айлар ауысып, күндер зымыраған сайын дүниенің дөңгелегі қарқынын қарыштата түседі. Көптеген техниканың туындауына қарап ғасырдың жаңарғанын, заманның өзгергенін, дәуірдің дамығанын аңғарамыз. Компьютер көңілің тауып, интернет игілігіне жарап жатқан уақытта мобильді агент те қоғамның қолданысына айналды. Жасанды дүние жастарды бірден баурап алып, бос уақытын болмашы тірлікке айналдырды.

## Әдет қалса да «агент» қалмайды

Алаштың атқа қонар азаматтары, ертеңгі елдің тізгінін ұстайтын ер-жігіттердің құнсыз дүниеге құмартып жүргеніне қапаланасың. Темірге телміреміз деп, тектілігіміз жоғалып, даналығымыз далада қалмасын.

Осы мобильді агенттің арқасында танысып, табысып үй болып кеткендер қанша ма?! Бұл бұлыңғыр болашақтың бір баспалдағы. Дәстүрін дәріптеген, салтын сабақтаған көшпендінің бүгінгі толқыны, бүгінгі бүлдіршіндері осындай дәрежеге жеткені ме?! Әттең, әрбір ата-ана бесіктегі бөбегіне ұлттық тәрбие берсе, болашағына алаңдамас еді.

Осының бәрі заманның дамығаны дейміз. Ал заманның дамығаны келер келешегіңе керексіз дүние, намыссыз тәрбие, нәрсіз білім насихаттап жатқан жоқ па?! Ес білген баладан, есейген ересектің ермегіне айналған агенттің пайдасы бар ма, зияны жоқ па?! Осы орайда замандасым, филология факультетінің 3-курс студенті Бағашар Тұрсынбайұлы: “Қоғам қашанда адамға тәуелді. Оның даму эволюциясы адамның даму эволюциясына бағынады. Ой дамыған сайын техника да, ғылым да ғарыштық жылдамдықпен өсіп келе жатыр. Ғылым адамның мәдени өмірін интеллектуалды түрге, адами құндылықтарды сақтай отырып, саналы түрде өткізуге жол ашады. Және сол ғылым біздің тұрмысымызды да, қарым-қатынасымызды да, алыс-берістерімізді де жеңілдетеді. Сондай ғылымның жемісі – агент. Агенттің пайда болуы – ғылымның дамыған көрінісі. Агенттің мүмкіншілігі жоғары. Бір кезде отырып бірнеше адаммен сөйлесесің. Агенттен смс-те жібере аласың. Тағы да сол сияқты тізбектеліп кете береді. Оның үстіне арзан. Барлық адамдардың қолы жетімді. Ұялы телефоның болса болды, Агенттің де бар. Ал агенттің-дертің. Кей адамдар кешке кіріп, таңертең бір-ақ шығады. Қаншама уақыт бей-берекет сөз, өсек-аяң, арзан әңгімеге кетіп жатады. Жастардың көбі сабақ кезінде де агентте отырады. Сабақ уақытында күнде кіріп отырып үйреніп қалғасын, соған тәуелді болып қалады. Іздейді. Сабақта да, тамақта да қолынан тастамай жүру бүгінде қалыпты жағдайға айналып бара жатқаны оның ұрпақтың уақытын өлтіріп, санасын улауы бейне бір диалогия дерсің. Дегенмен біз ақыл иесі болып жаратылған соң әр нәрсені керек кезде, керек уақытында пайдаланып үйренсек нұр үстіне нұр болар еді” – дейді. Ал журналистика факультетінің 1-курс студенті Рабиға Жандарбекқызы: “Пышақтың да бірі қолды кесетін, бірі тұтқалық қызмет атқаратын екі қыры болатыны сынды жақсы мен жаман қатар жүреді. Мен сөз еткелі отырған заманауи қажеттілік агенттің маңайды мезі етсе де санадан алыстауын тездетпеді. Тіпті талайды еліртіп, құрғақ сөзге семіртті. Бәз біреуді бақытқа бөледі. Егер де агентті тиімді пайдалана білсек, оның берер көмегі зор. Көп мөлшерде шығын шығармай-ақ, алыстағы құрбы-құрдастарыңмен, тамыр-таныстарыңмен жедел әрі жеңіл қарым-қатынас жасай аласың”, – деген ойды айтты.

Бұл жастардың өз пікірі. Агенттің пайдасы мен зиянын саналы жұрт өздері сараптап жатар. Ал біздің міндетіміз – қолдан келгенше замандастарымызға салыстырмалы түрде пікірлерді ұсына отырып, қоғамның тұрмысына қажетті дүниені кеңінен насихаттау.

**Рауан ҚАЙДАРОВ,**  
журналистика факультетінің  
1-курс студенті

■ **Наука**

# Конкурс студенческих научных работ

Недавно на факультете философии и политологии КазНУ прошел конкурс студенческих научных работ, посвященный 70-летию кафедры общей и этической педагогики.

На встрече были поставлены и последовательно решались следующие задачи, такие, как создание атмосферы свободного научного поиска, соревнования и интеграции научных идей, мнений и решений, осуществление научно-исследовательской деятельности студентами в соответствии с основными направлениями научных исследований кафедры, развитие навыков индивидуальной и коллективной творческой деятельности у студентов, использование потенциала студенческой молодежи во внедрении научных достижений в практику.

Почетное право открыть этот праздник науки и творчества было предоставлено и.о. зав. кафедрой общей и этической педагогики Айгерим Мынбаевой. Она отметила, что, будучи приуроченный к празднованию Дня науки, конкурс должен продемонстрировать торжество знания, научной и творческой деятельности. Конкурс студенческих научных и творческих работ – символ демократизации научной жизни высшей школы, возможность реализации идей интеллектуализации подрастающего поколения.

«Конкурс вносит принципиально новый смысл в понятие «студенческая научная работа». Она предполагает реализацию творческого замысла будущего исследователя, предложение новшества или инновационных способов решения проблемы», – говорит председатель Студенческого Научного Общества «Логос», студентка 4-курса ФФИП специальности «Педагогика и психология» Наргиза Маликова.

Студенты бакалавриата и магистранты разных специальностей факультета философии и политологии, механико-математического

факультета представили свои работы - сказки, научные эссе, сочинения, презентации.

В состав жюри вошли председатели СНО «Логос» Наргиза Маликова и заместитель председателя СНО «Логос» Заира Дакариева. Участники оценивались по следующим параметрам: научность, творчество, практическая или теоретическая значимость, презентация выступления. Многие работы отличались оригинальностью, неординарностью подхода, творческим замыслом, креативным подходом.

Победителями конкурса по научному эссе стали магистрантка 2-го курса специальности «Психология» Дарья Осмаловская и студентка 1-го курса специальности «Социальная педагогика и самопознание» Тұрсынай Сұлтанқызы; 2-е место заняла студентка 3-го курса специальности «Педагогика и психология» Анастасия Колдышева. По педагогическим сказкам победителями стали студентка 3-го курса специальности «Педагогика

и психология» Анастасия Колдышева (1-е место), магистрантка механико-математического факультета Мерей Кенжебаева (2-е место), студентка 2-го курса специальности «Педагогика и психология» Ирина Беккерман (3-е место). Также по различным номинациям были отмечены работы следующих студентов: Айнур Рахымқызы, Виктория Баранова, Жадыра Шайжанова, Бегайым Амантай. Все призеры были награждены книгами и учебной литературой, изданной преподавателями кафедры.

Конкурс завершился мини-концертом, посвященным 70-летию кафедры общей и этической педагогики. Художественные номера были представлены песнями, танцем, инсценировкой, подготовленными студентами 1-го курса специальности «Социальная педагогика и самопознание» и 3-го курса специальности «Педагогика и психология».

**Факультет философии и политологии КазНУ**

■ **Мәртебе**

## Өнегелі елдің - өресі биік

**ЕҚЫҰ халықаралық қауымдастықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйым.**

**Жас қазақ елі аталған ұйымға осы жылы төрағалық етіп отыр, жас, тәуелсіздік алғанына 19 жыл ғана болған еліміздің өзге дамыған мемлекеттермен терезе теңестіріп келе жатқанына қуанамыз!**

Жас та болса жетіліп, дамып келе жатқан еліміздің босағасын берік, керегесінің кендігін әлем мойындауда. Бұл ұйымға төрағалық етуіміз еліміздің әлемдік қоғамдастықтар алдында жеке, дербес мемлекет ретінде қалыптасқандығының дәлелі. Бас қаламыз - Астанада өткен саммит тарихымызда мәңгі жазылып қалары сөзсіз. Қазақстанның

ұйымға төрағалығы Шығыс пен Батыстың қарым-қатынастарына жана өзгеріс, өзара сенім арттыруға жол ашады.

Жүрегі қазақтың деп соғар әр азамат өз еліндегі болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарай алмасы ақиқат. Соның айқын дәлелі, жатақханамызда болып өткен биология мамандығының 2-3-курс студенттері ұйымдастырған

“ЕҚЫҰ-ға төраға байтақ елім” – атты дөңгелек үстел. Дөңгелек үстелде факультетіміздің деканы Тамара Минажқызы өз пікірін былай білдірді: “Бұл саммит арқылы елімізді әлем таниды. Қазақ халқы үшін бұл ерекше абырой. ЕҚЫҰ-ға төрағалық етудегі тәжірибеміз және саммит өткізудегі мәртебеміз

біздің болашағымыз үшін де үлкен әсерін тигізбек”. Декан сөзіне қосыла отырып, деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.Бүркітқызы ойын былай түйді: “Бұл саммит ТМД елдері бойынша тұңғыш ұйымдастырылып отырғандықтан тарих беттеріне алтын әріппен жазылып қалмақ. Бұндай басқару еліміздің әлемдегі беделін арттырып қана қоймайды, мемлекетіміздің дамуына, өркендеуіне өз септігін тигізбек”. Ұстаздар сөзіне студенттер де қосылды. Ойларын нақты әрі батыл жеткізе білген от жүректі ұл-қыздарды көріп көңілім бір марқайып қалдым.

**Мошан БАРШЫН,**  
биология факультетінің 3-курс студенті

■ **Тұсаукесер**

## ҮМІТ ҮЙІРМЕСІ

Ерте заманнан бері білім нәрімен сусындатып келе жатқан кітаптардың құдіретін бүгінгі жастар қоғамына ұғындыру. Қазіргі таңда жастардың оқуға деген құштарлығын ояту, көп жастарымыз интернет жүйесіне бейімделіп кеткені сонша, сөйлеу мәнері мен рухани жан дүниесінің таязданып кеткені адам баласын ойландырмай қоймайды. Қандай елде болсын қандай жерде болсын, көнеңің көзіндей болып келе жатқан бірден-бір мұрамыз ол – оқулық болмақ. Қазақ атамыз айтып өткендей «Оқусыз-білім жоқ, білімсіз-күннің жоқ» деген сөз бекерден айтылмаса керек. Соның бірі – тарих факультетінде ашылған Үміт үйірмесі. Үйірменің ашылуына ұйытқы болған, тарих факультетінің «Деректану және тарихнама» кафедрасының оқытушысы, доцент Сабденова Гүлмира Есбатырқызының жетекшілігімен «Үміт үйірмесі» салтанатты мерейімен ашылды. Үміт үйірмесінің ашылуы әсемді де әсерлі кешпен ұйымдастырылды. «Үміт» үйірмесінің мүшелері тағайындалып, «Үміт» үйірмесінің мүшесі екенін растайтын құжаттамалар табыс етілді. «Үміт» үйірмесінің мүше саны 23 студент қатарымен толықтырылды. «Үміт» үйірмесінің студенттер арасындағы жетекшісі, тарих факультетінің 2-курс студенті Баймолданова Еркежан тағайындалды. «Үміт» үйірмесінің кеші құттықтау сөздермен жалғасты. Құттықтау сөздері тарих ғылымдарының докторы, профессор, тарих факультетінің деканы Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлына және тарих ғылымдарының докторы, профессор, деректану және тарихнама кафедрасының меңгерушісі Атабаев Қамбар Махамбетұлына

және тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков және орыс тілі пәні оқытушысы, доцент, Какишева Нұрзада, т.б. өз тілектерін айтып, «Үміт» үйірмесінің ғұмыры ұзақ болуын тілеп, ақыл кеңестерін айтып, өз сырларымен бөлісті. Кеш барысы концертпен жалғасын тапты, әсерлі әндер мен термелерді Бердалы Ерман мен Рахымғалиева Көркем тебіренге жырлап, мың бұралған биші қыздарымыз бен ұлдарымыз «Қара жорға» биін нақышына келтіре билеп, өз келбетімен сымбатымен Оспанова Әсемгүл, Оразғалиева Назерке аруларымыз билерімен көрерменді тамсандырып, өз жан дүниелерінен шыққан еліне, жеріне деген махаббаттарын жыр өлеңіменен Әбілғаева Айнуәр мен Жолдасов Аян жұртшылық назарына ұсына білді. Көрерменді күлкіге қарқ қылып қуанышқа бөлеген КТК бір топ жастары өз өнерлерін көрсетуден құралақан қалған жер. Үміт үйірмесі өз жоспарлары мен алға қойған ұстанымдарын қалың жұртшылыққа жақсы әсерін қалдырды. Айта кетерлік бір жайт, үйірменің өз әнұраны да қалыптасып, үйірме ұраны да аталып өтті.

У - үлкен  
М - мақсаттағы  
І - ізденімпаздар

Т - тобы деген ұранымен кеш соңын аяқтады. Бұл тұрғыда шығар қорытынды, ата-бабамыздан мұра болып қалған жәдігеріміз – оқулық. Бүгінгі күннен бастап «Үміт» үйірмесінің үміті ақталып, болашаққа сеніммен қадам баспақ.

**Сандуғаш ОРАЗЫМБЕТОВА,**  
тарих факультетінің 1-курс студенті

■ **Акция**

## КазГУград - зона вне табачного дыма

30 ноября на биологическом факультете стартовала университетская акция «КазГУград – территория вне табачного дыма». В мероприятии, посвященном здоровому образу жизни и отказу от табакокурения, помимо студентов, преподавателей и администрации факультета приняли участие гости из «Молодежного центра здоровья» при городской студенческой поликлинике Екатерина Зимина и Елена Сырцова, представитель фармацевтической компании «Innotech» Марина Луценко, заместители деканов по воспитательной работе других факультетов университета.

С докладом на тему «Адам ағзасының ырғақтары» выступил д.б.н., профессор С.Т. Тулеуханов. Активность проявили также магистранты факультета, выступившие с сообщениями на темы: «Ғасыр індеті», «Ғасыр дерті. Темекі мен есірткінің адам денсаулығына зияндылығы». Студентами факультета было организовано небольшое музыкально-театрализованное представление «Наш выбор». Победители конкурса «Лучшая газета о ЗОЖ», проведенного накануне акции, получили подарки от гостей, затем всем участникам были розданы брошюры и буклеты о вреде курения. В заключение участники и организаторы мероприятия дружно спели авторскую песню о том, как хорошо вести здоровый образ жизни.

**Соб. корр.**



■ **Тағлым**



*Бүгіндері жасы жеттістен асқан осы жолдардың иесі жыламай тамақ ішпейтін жеті-сегіз шағында — қазақ мандайына біткен тұңғыш Университеттің журналистика факультетінің деканы, жасы онға иек артқанда, осы факультетті өмірінің соңғы деміне дейін отыз үш жыл бойы кафедра меңгерушілігін атқарған тхлга бір ғасырға толытты-ау! Қазіргі экономикалық аймақтардағы орташа адам өміріне татитын уақыт арасында оның «шinelінен» шықпаған әтібірлі қаламгерлер жоқ деуге болар. Ал осы Кісі хақында Қазақ совет энциклопедиясы 2-томына 26,5 жыл мәліметті «көздері қыты» берген-ді. Онда негізгі сіңірген еңбегі турасында: «1946-47 жж. өзі оқыған университеттің журналистика факультетінің аға оқытушысы, деканы болды. 1948 жылдан журналистика кафедрасының меңгерушісі. Бекхожин журналистика кафедрасын әзірлеу және Қазақстан баспасөзі тарихын зерттеу ісіне елеулі үлес қосты. Ол — 60-тан астам ғылыми мақала мен «Қазақстан баспасөзінің даму тарихы» атты монографиялық кітаптың авторы», — деумен тынған.*

# БАСПАСӨЗІМІЗДІҢ ТҰҢҒЫШ ТАҢЫМДЕРІ

== (Хайыржан Бекхожин – 100) ==

«орыс ориенталистері түгелдей феномен-құбылыс деп мойындаған» (Н.И. Веселовский), «осыған дейін қырғыз (қазақ — А.-Х.М) халқынан шыққан ақиқат нағыз тамаша тұлға боп саналатын» (Г.Н. Потанин) ғұлама «Ш. Уәлихановтың ағартушылық идеясы ғылыми және публицистикалық мақалаларынан айқын көрінетінін», «халықтың ғылым-білімге деген правосын қорғағанын», «ұлттық томаға-тұйықтылық пен нигилизмге қарсы болғандығын» дәйектеген Х. Бекхожин...

Қазақ журналистикасының бірінші профессорының зерттеу нысанына іліккен екінші тұлға — Ыбырай Алтынсарин — «Дүние жүзі педагогика классиктерінің гуманистік идеяларын басшылыққа алып, оларды қазақ даласында оқу-ағарту практикасына енгізген тұңғыш педагог» (Қазақстан, Ұлттық энциклопедия. 1-т. - 1998. -318 б.).

Ұлтымыздың мандайына біткен тұңғыш ұстаз мұғалімінің осы баспасөзіміздің халықты ағартуда, қоғамдық ой-пікірді бірден-бір дұрыс жолға салуда таптырмас идеологиялық құрал екеніне көзі жеткен-ді. Өзі өмір сүріп, қиын болса да, игілікті іс атқарып жатқан жылдарда қазақ тілінде мерзімді үнқағаз шығаруды ойлаудың өзі жүзеге аспас арман еді.

Сол көкейіндегі мақсаты, қыруар қиындықтардың арқасында жүзеге асты. Ол — «Қазақ хрестоматиясы» Х. Бекхожиннің алдымыздағы кітабынан ол турасында: «Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясын» жұрт газет, журналдың орнына пайдаланды, өйткені, ол кезде мерзімді баспасөз жоқ еді. Оның бұл кітабы әрі оқулық, әрі көпшілікке арналған публицистика және көркем әдебиет шығармаларының жинағы, халыққа әртүрлі білім беретін энциклопедияның рөлін атқарды», - деп куәландырады.

Х. Бекхожиннің кітабының «Ыбырай Алтынсарин — журналист» аталатын тарауында: «Қазақ халқы қарапайым. Бізқарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз. Қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық. Мәселе оны ағартуда болып отырған деп баса айтылуы «қазақтар сотқар, қанқұмар» деушілерге соққы беріп, ұлт намысын қорғады» - дей келе, ұлы педагогтың өмір кредосына айналған бір қазықты пікірін, өкінішке қарай, атүсті баяндап өте шыққан.

Бұл жерде мәселе 21 жасар Алтынсариннің 1860 жылы Қазан университетінің профессоры, белгілі миссионер Н.И. Ильминскийге жазған бір хатында болып отыр. Онда Хайрекен келтірген жолдар түпнұсқада: «Қазақ даласын үш жыл аралағанда қазақтар тапқыр, ақылды, қабілетті, бірақ білімсіз халық екен» дегеніңіз — әбден дұрыс. Қазақтарды оқыту бастықтардың ойына да кіріп-шықпайды, бекіністерде училищелер салудан гөрі үйінің онсыз да қып-қызыл шатырын сырлауды, онсыз да аппақ қабырғаларын ағартуды артық санайды». (Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 т. — 305-306 бб.), — делінген еді.

«Талант — әрқашан да талант», «Тарихтың басты қасиеті — қайталан беретіндігі» деген мәтелдер осындайда еріксіз еске түседі екен. Бір жарым ғасырға жетер-жетпес бұрын Алтынсариннің налуы қазіргі «жана қазақтардың» «Кремльдері» мен опырылған, қабырғалары ырсиған, төбелері жауын суына төтеп беруден қалған ауыл мектептері көз алдына келгенде, әлгі қанатты сөздерге бас имей көр...

Қазіргі таңда орта және жоғары мектептің қаншама ондаған жылдар бойы беріп жүрген дәрістері өзін ақтаумен келсе де, осы қалыпқа реформа жасауға ерінбегендердің

бәрі ұмтылатын секілді. «Ең әуелі — орта мектепті он екі жылға созысы келетіндер - әуелі, өздері мектепті 10 не 11 класпен бітіргендер. Солар «бір жылым жетпеді» деп өкінбей, мына күн мен түннің, жыл мен жылдың аражігі білінбей ғарыштық жылдамдықпен зулап өтіп жатқан заман да, өз балаларын 12 жылға «байлап қоюға» шынымен қайлы ма екен? Екіншіден, қазіргі балалар — акселераттар. Табиғат заңына ешкім қарсы тұра алмас. Жамандықтың бетін ары қылсын, бірақ қыздарымыз он екі жылдық партада «шегеленіп» қалмай, «бірденеге» ұрынса ше? Ондай жағдайда мектеп жанынан перзентхана салу қажеті тумас па екен?..

Тағы бір «торуылда жүрген» фактор — «ағылшын тілінің геноциді». Біздің жағдайымызда қазіргі — 11, келешектегі 12 жылда бір де бір оқушы қалмай барлығы да үш тілдің жүйірігі боп шығу — сөзсіз көзбояушылық. Құр «english» жаттап жүргенде, өмірде талап етілетін білім негіздерін толығымен үйрету дегеніміз — абсурд. Шет тілдерін шексіз бәрімізге бірдей «жаттаттыру», жұмсартып айтқанда — сөлекеттілік. Бүгіндері жасанды жолмен көкке көтеріп жүрген, асып кеткен, тек халықаралық бизнестегі сауда-сатыққа, есеп-қисапқа жарап қалатын ағылшын тілінде өзі ағылшын Исаак Ньютон бір де бір ғылыми еңбегін жазбаған! Сол тілде аузынан сынық сөйлем шықпаған Қ.Сәтбаев, М.Әуезовтердің мұралары бүгінде бағасын жойды ма? Жоқ! 230 миллион АҚШ тұрғындары ағылшынша күні-түні сайрайды екен. Солар түгелдей жоғары білімді, озық азаматтар ма екен? Тағы да — жоқ!.. Осы үштілділікті қоздырып жүрген қалың жұртшылық атын атап сайламай, бір адамның тізімімен тағайындалған парламенттегі «халық қалаулылары» өздері сол «мұрнынан мінгірлейтін»

тілдің жүйіріктері ме екен? Тағы да — жоқ! Онда неге қазір парламент мінберінен ақыл айтушы сенаторлар мен мәжілісшілер, мектепте өздері ағылшынды білген болып, үйретіп жарытпаса да, ертеңгі ел тізгінін ұстаушы, буыны қата қоймаған жастарымызды солай қарай итере бермек?! Әуелі қазіргі заманға нағыз қажетті ғылым негіздерін ана тілінде игеру — сауаттылықтың жалғыз жолы, міне осы, -!

Тарих ғылымының журналистика саласындағы алғашқы докторы Х. Бекхожин XIX ғасырдың «шаппай бер» ғұламасы Абай хақында өз ұстанымын айқын білдіріп кеткенін бүгіндері көріп отырмыз. «Қазақ еліне капиталистік элементтердің енуін, осыған байланысты бұған дейінгі тәртіп пен идеология шайқала бастағанын өз көзімен көрген» Абайдың «творчествосының басты тақырыптары халықтың тағдыры туралы, адамның жеке басының қасиеті мен борышы туралы, пайдалы еңбек және оқу-ағарту болып келетінін» саралаған. Бұл тұста басты кәперге алатын сөз — хақимнің «Ғақлия сөздерін» зерттеуші Х.Бекхожин тек жалынды да зерделі публицистика жанрына қойылатын талап-тілек тұрғысынан ғана қарастырған. Мұндай ғылыми-зерттеу әдісі автор үшін өте сәтті де ұғымды жай болғанын атап өтуге ұлықсат етіңіздер...

Бір тұста сол кездегі санлақ доцент Бекхожин: «Абай «Бірінші сөзінде»: «Осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кім де кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - деген жолдарды нысанаға алады. Оның есесіне Хақимнің тап бүгінгі ситуацияға сай: «Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малымен сатып алады. Көңілдері — көкте, көздері — аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім — еш нәрсе малдан қымбат демейді. «Мал болса, құдай Тағаланы да паралап алса болады» дейді. Оның діні, Құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны — бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе де қолы тие ме?.. Оңша-мұнша қой жүнді қоныршалар күнін де көре алмай жүр. Аналар анадай болып тұрғанда, білім, ғылым, ақылды не қылсын? Және де білім, ғылым кедейде жоқтай-ақ...», - деген «Сегізінші сөз» еріксіз ойға оралса керек...

Саналы өмір жолында жазған Хайрекеннің жалғыз оқулығы бізді жоғарыдағыдай еркін де болса, көңілсіз ойларға жетелейді. Қолына қалам ұстағандардың бүгінгі таңдағы қазіргі жұрт пайдалануға үйірсек сөзі — «имиджін» жарық көрген таралым санымен өлшейтіндер бар. Ресми дипломы бойынша менің бір әріптесім — журналист, бірақ қауіпсіздік мекемесінің майоры әскери дәрежесіне жеткен, марқұм досымның: «Сенің кітабыңның тиражынан шәкірттеріңнің саны әлдеқайда асып түседі», - дегені бар. Осы пікір — мен үшін ең мақтаулы баға.

Өмірден озғанына отыз жыл болған, ал жалпы жасы бір ғасырға толған ұстазымыз Хайыржан Нұрқожаның ұлы Бекхожиннің жазғанынан гөрі оқытқан дәрістері шәкірт дәрежесінде мақала авторын жоғарыдағыдай бүгінгі күннің бітеу жара мәселелерінің шет-жиегін сәл-пәл түруге итермелеген еді...

**Абдул-Хамид Ф. МАРХАБАЕВ,**  
филология ғылымдарының докторы, профессор



■ Ақпарат

## Тарихы тереңде жатқан Түркі жазуының мерекесі

2 желтоқсанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде жалпы тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен «Түркі жазуы мейрамы» өтті.

Әрбір халықтың рухани байлығы – ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын мұра. Кез келген халықтың өзіне тән тарихы, әрбір дәуірге лайық мәдени мұрасы, асыл өнері бар. Соның бірі – түркі халықтарына ортақ мұра көне түркі жазба ескерткіштері. Ардақты есімдерді ел жадында сақтау үшін сол заманның данагөй білімдарлары өркениеттің белгісі болып табылатын түркі сына жазуымен тас бетін өз тарихымен айшықтаған. Көнеден келе жатқан жәдігерлердің ішкі мазмұны мен сырын ұғыну, оның қазақ халқы үшін қаншалықты құнды екенін анықтау – болашақ ұрпаққа парыз. Осы аса құнды мақсат филология факультетінде дәстүрлі түрде өткізілетін «Түркі жазуы мейрамы» атты шарада барынша жүзеге асып келеді. Биыл да сол үрдіс жалғасын тауып, аталған шара факультеттің қазақ филологиясы және қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары 2-курс студенттерінің қатысуымен жүзеге асты.

Биылғы шара жылдағысынан өзгеше сипат алып, тың жобалармен өткізілді. Мәселен, онда қатысушы студенттер «KazNU» телеарнасын құруды ұсынып, онда әртүрлі бағдарлама ашуды жоспарлап отыр. Бағдарламаларды «Айтарым бар», «Қонақжай», «Тарихтан сыр шертейік», «Түркі дастарханы» сияқты бірнеше айдарларға топтастыру арқылы көрерменді қызықтырып, баурап алмақ ниетте.

«Түркі жазуы мейрамының» басты мақсаты – жастарымызға туған тіліміздің бастауы болған көне түркі тілінің құндылығы мен құдіреттілігін таныту. Бойында ұлттық рухы жалындап тұрған әрбір жастың отансүйгіштік сезімін оятып, ұлттық тарихымызды қастерлеуге шақыру. Шараны ұйымдастырушылардың пікірінше, Көкбөрінің қайтпас қайсар ұрпағы, әрбір алаш баласының жүрегі «Мен қазақпын» деп соғуы тиіс.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

## ҚазҰУ-да магистратура бойынша жаңа мамандықтар ашылмақ

Кеше ҚазҰУ-да өткен Ректорат мәжілісінде алдағы оқу жылында магистратура бойынша жаңа мамандықтар ашу туралы ұсыныстар қаралды. Бұл туралы университеттің Оқу жұмысы жөніндегі проректоры Мұрат Орынхановтың магистратурада жаңа мамандықтарды ашу туралы жасаған баяндамасынан белгілі болды.

Сондай-ақ бұл жиында: “Жаңа мамандықтар ашу үшін классикалық университет талаптарына сай келмейтін мамандықтардан бас тарту керек”, - деді Мұрат Кәдесұлы. Осы орайда еліміздегі үздік білім ордасы алдағы оқу жылында қоғам талап етіп отырған, заманауи нарық талаптарына сай келетін мамандықтар ашуды көздеп отыр. Олардың қатарында халықаралық бизнес, бизнес және құқық, менеджмент және білім, логистика сияқты бірнеше мамандықтар бар. Үстіміздегі жылдың соңына дейін аталған мамандықтар бойынша жаңа пәндерді ұйымдастырып, жүйелендіру жоспарлануда.

Сонымен бірге университетте бакалавр, магистратура білім сатыларымен қатар, PhD докторантура бойынша грант санын өсіріп, ашылатын жаңа мамандықтар бойынша жастарды мамандандыру жұмыстары қарастырылып отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті магистратура бойынша 2004 жылы – 6 жаңа мамандық, 2007 жылы – 19, 2009 жылы – 21 жаңа мамандық ашуды ұсынған.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ Әзілің жарасса...

Желтоқсан айы жастар үшін, әсіресе студент жастар үшін қызыққа толы. Осы айдың 3-жұлдызында Ө.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында “Сұңқар” кубогына арналған ҚазҰУ-дың факультет аралық КТК ойындары болып өтті. Аталмыш “күлкі керуенінің” финалына университетіміздің әр факультетінен 8 көңілді тапқыштар командасы қатысты. Олар: география факультетінің “Климат”, тарих факультетінің “Скиф” және “Пирамида” командалары, химия факультетінің “Химия құрамасы”, журналистика факультетінің “Жаңа”, механика-математика факультетінің “Интел”, заң факультетінің “Жайбырақат”, биология факультетінің “Достар” КТК командалары болатын.

## «Сұңқар» кубогына арналған КТК өтті

Аталмыш командалар КТК-нің қалыптасқан “фристайл” (еркін тақырып) және “5 жаңалық” бөлімдері бойынша бақ сынасты. Өз кезегінде қазақ КТК ойындарының тұрақты жүргізушісіне айналған Ғалымжан Сайлаубек қатысушы командаларға ойында сәттілік тілеп, дәстүрлі “біз КТК-ымызды бастаймызбен” ойынның шымалдығын ашып берді. Осылайша КТК басталып кетті. Аталмыш КТК тақырыбы “Студент және қоғам” болған соң, командалар аталмыш тақырып аясында өнер көрсетті. Бірінші болып сахнаға студенттердің сессия кезіндегі “қулықтары” жөнінде әдемі әзіл көрсете білген география факультетінің “Климат” командасы шықты. Бұл команданың ойынынан сессия кезінде “аңшы қанша айла білсе, аю сонша жол біледіні” ұқтық. Келесі команда атына заты сай миниатюраларды көрсетті. Атап айтсақ, “тас ғасырындағы гопстоп”, “ежелгі адамдар” аталған көріністерден сахнаға тарих факультетінің “Скиф” командасы шыққанын ұғу қиын емес. Олар қазіргі жастардың өмір көрінісін ежелгі тас ғасырындағы жастардың өмірімен салыс-



тырып, көрерменнің көңілінен шыға білді. Үшінші болып сахнаға “Химия құрамасы” командасы шықты. Олардың “ұйықтап қалған студент”, “студенттің анасына хабарласуы” туралы қалжыңдары өтімді болды. Өз кезегінде “Интел” командасы да көрермендерді әзілдерімен қызықтыра, күлдіре алды. Бір қызығы бұл командада Зұл, 1 ғана қыз ойнады. Өздерінің “жаңа корпус” жайындағы реніштерін КТК арқылы сәтті жеткізе білді. Осыдан кейін өздерінің логикалық әзілдерімен ортаға “төртінші билік иелері” журналистика факультетінің “Жаңа” КТК командасы шықты. Команданың университетіміздің 14 факультетін еліміздің 14 облысына теңеуі, студенттердің қалтасы қалындап, шәкіртақысын алғаннан соң ертесіне баратын “бархалқаны” бейнелейтін “бархалқадағы студенттер” турасындағы әзілдері әділқазылар алқасына да, көрермендерге де ұнады. Кезек тағы да тарих факультетінің студенттерінде. Бұл команда небәрі 6-7 жас шамасындағы Адикош есімді ойыншысымен есте қалды. Ади бойының қысқалығына, жасының кішілігіне қарамастан өзін сахнада еркін

ұстай білді. Ақтық кезек бір үйдің бала-сұндай болаған, бір қазаннан ас шетін жатақхана студенттерінің өмірі туралы әзілдерімен жамағаттың “ішек-сілесін” қатырған биология факультетінің “Достар” КТК командасына да жетті. Олар жатақханаға кірудің “заңсыз” амал-тәсілдерін, жатақхана студенттерінің махаббаты жайындағы қалжыңдарымен қағытып салды. Ойынның бірінші бөлімі аяқталып, “5 жаңалық” бөліміне де аяқ бастық. Бұл бөлімде салыстырмалы түрде “Достар” командасының батыстық студенттер диалектісіне байланысты “Қарасай батыр” көшесінің “Қарашай батыр” деп өзгергендігі туралы жаңалығы, “Пирамида” командасының “агент” туралы жаңалығы және “Химия құрамасының” студент атаулының дәстүрлі тағамы “роллтон” туралы жаңалықтары өтімді болды. Жалпылама командалар ойынын сараптай келе әділқазы алқарының шешімі бойынша 6 команда жартылай финалға жолдама алды. Олар: “Скиф”, “Пирамида”, “Интел”, “Достар”, “Химия құрамасы”, “Жаңа” командалары. Ал жолдамадан қалыс қалған “Климат” және “Жайбырақат” КТК командаларына ойынға белсене қатысқаны үшін сертификат табыс етілді. Сондай-ақ “белсенді көрермен” номинациясы бойынша тарих факультетінің студенттері сертификатпен марапатталды. Ал 8 команданың межесіне айналған “Сұңқар кубогы” мен 50 000 ақшалай жұлде “Химия құрамасы” КТК командасының қанжығасында кетті. Кубокты “Сұңқар” студенттер кәсіподағының төрайымы Арайлым Өмірбекова табыс етіп, кәсіподақ атынан журналистика факультетінің “Жаңа” КТК командасына жақсы ойын көрсеткені үшін Ыстықкөл жағасындағы лагерге жолдама мен биология факультетінің “Достар” КТК командасына ойынға белсенді қатысқаны үшін сертификат табыстады. Айтпақшы, ойынға Нұржан Ешниязов пен Медет Аманбаев (“СКЛ” КТК командасының ардагер-ойыншылары), Ақылбек Досжан (продюссер, КВН ардагері), Анар Садырова (өзін-өзі басқару клубының директоры), Арайлым Өмірбекова (“Сұңқар” студенттер кәсіподағының төрайымы) мүшелік еткен тағы бір команда қатысты. Бұл – “әділқазылар” деген команда. Аталмыш команданы ойынның әділ өтуіне жауапты әділ-қазылар және кеш қонақтары ретінде тани аласыздар. Сонымен, КТК ойындарының қызықтары әлі алда. Қалыс қалмаңыздар, құрметті, әзіл сүйер қауым!

Ұлболсын ИЛЬЯСҚЫЗЫ,  
филология факультетінің  
2-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор –  
Жауапты хатшы –  
Редакторлар –  
Фототілші –

Дәрмен СМАЙЫЛ  
Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,  
Уәли ҚАДЫРОВ  
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы,  
әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат,  
№1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Кредосс-Б” баспаханасында (Егізбаев 7<sup>А</sup> көшесі) басылды. Тел.: 8 (727) 3-94-24-45

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы – 1000 дана.  
Көлемі 2 б.т.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №665

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.